шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процессінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео көріністер, презентациялар және т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер оқушының іс – қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процессінде студенттің белсенділігі оянады. Нәтижесінде, студент ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және қызығушылығы жоғарылайды. Зертту мәселесі күрделі болғандықтан оның барлық салаларын қамтып шығу мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Келешекте жоғары оқу орындарында ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен жетілдіру т.б. мәселелер арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері // Лексикология мәселелері. – Алматы, 2002.
2. Попов Р.Н. Фразеологические единицы современного литературного языка с историзмами и лексическими архаизмами. –Вологда, 1967..
3. Есимжанова М.Р. Межъязыковые фразеологические соответствия. АКД. Алматы – 1998.
4. Телия В.Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. –М.: Школа. Языки и русская культура, 1996

ЖАНПЕИСОВА Н.М.

МАТЕРИАЛЬНАЯ И НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКАЯ БАЗА ВНЕДРЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА КАК ГОСУДАРСТВЕННОГО

Анализ материалов свидетельствует, что на разных этапах институционализации государственного языка в Казахстане (институционализация языка означает создание государственного механизма, способного обеспечить функциональное регулирование, постоянное развитие, расширение и обогащение лингвистической базы языка) были созданы следующие официальные органы:

- Государственная терминологическая комиссия при Правительстве Республики Казахстан (утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 апреля 1998 г. N 367), которая является консультативно-совещательным органом, вырабатывающим

предложения в области терминологической лексики казахского языка по всем отраслям экономики, науки, техники, культуры.

- Государственная ономастическая комиссия при Правительстве Республики Казахстан (утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 апреля 1998 г. № 368). В настоящее время ведется работа по 5 научным проектам с целью исследования топонимического пространства каждой области.
- Республиканское государственное казенное предприятие "Республиканский центр ускоренного обучения государственному языку" (Постановление Правительства Республики Казахстан от 9 октября 1999 года N1545), который позже переименован в Республиканский координационно-методический центр развития языков имени Ш. Шаяхметова. Основной целью Центра является создание всех необходимых организационных и материально-технических условий, а также учебно-методическое и научное обеспечение интенсивного обучения государственных служащих казахскому языку
- Комитет по языкам Министерства культуры и информации Республики Казахстан (Постановление Правительства Республики Казахстан от 4 февраля 2005 года N 103). В структуру Комитета по языкам входит Управление по развитию языков и нормативно-лингвистических проблем, включающее, в свою очередь, отдел нормативно-лингвистических проблем, отдел ономастики и терминологии, отдел развития языков, управление анализа и организационно-финансового обеспечения, отдел мониторинга и анализа реализации языковых программ и др.

В стране достаточно активно развивается сеть региональных Центров обучения государственному языку. В целях обучения государственных служащих государственному языку во всех центральных и местных исполнительных органах организованы курсы государственного языка.

В результате большой целенаправленной работы в течение нескольких лет были

- разработаны и утверждены электронный разговорник на государственном языке и языках народа Казахстана (5 языков); анимационные обучающие игры, электронный учебник по казахскому языку; электронный карманный переводчик; электронный звуковой учебник казахского языка; система дистанционного мультимедийного комплекса обучения государственному языку специалистов технического профиля; комплексная компьютерная программа поддержки казахского языка на персональных компьютерах; перекодировщик текстов с одной шрифтовой графики в другую;
- автоматизирована система мониторинга и анализа языковой ситуации на территории страны;
- утвержден график контроля за соблюдением законодательства о языках Республики Казахстан в центральных и местных государственных органах (27 января 2007 года № 24-34/331) [1];
- созданы программы на радио и телеэфире на казахском языке для детей и взрослых по историческому и культурному наследию, просветительские, развлекательные программы

(«Сырға», «Көңілашар», «Әлі есімде?» национального телеканала «Қазақстан», «Төртеу түгел болса», «Азамат», «Начистоту» телеканала «Хабар», «Менің Қазақстаным», «Тыңдармандар», «Мен қазақып» Казахского радио, «Абайтану», «Тарих безбені», «Замандастар» «31 телеканала» и др.);

- в рамках программы поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, проведены Малый курултай казахов Европы (Германия, г.Мюнхен),а также международные научно-практические конференции («Шетелдегі қазақтардың Қазақстанға көшіп-қонуының бүгінгі жағдайы және келешегі» и «Дүниежүзі қазақтары және ортақ жазу: қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру мәселелері» и др.;
- для соотечественников, проживающих за рубежом, регулярно издаются журналы «Тіл және қоғам», «Туған тіл»;
- осуществлена разработка различных программ, методик обучения, учебно-методических пособий и др. для взрослого населения (например, программа ускоренного обучения государственного языка для 3, 4, 5 уровней, Хрестоматия по методикам обучения государственному языку и мн.др.);
- в 2001 году были выпущены русско-казахские и казахско-русские терминологические словари в 31 томах, охватывающие 155 000 слов. В общей сложности, в течение 1992-2008 годов Терминологической комиссией было утверждено около 189 000 слов и словосочетаний. На данный момент общее количество технических терминов в казахском языке составляет 360 000 слов [1];
- запущен сайт <http://www.techkz.kz/>, который охватывает такие сферы, как геологическая разведка, нефтегазовая сфера, информационные технологии, машиностроение, строительство и архитектура, металлургия;
- на сайте <http://www.til.gov.kz/> организована коллективная работа специалистов электронно-терминологического центра, целью которой является формирование сборника терминов казахского языка, а в комплексе словарей создан единый фонд лингвистических и специализированных;
- создан электронный русско-казахский словарь сайта <http://www.sozdik.kz/>, который рассчитан на массового пользователя;
- совместно с социальным консорциумом Ассамблеи народа Казахстана Республиканским центром ускоренного обучения государственному языку создано уникальное мультимедийное устройство IPOD, адаптированное для самостоятельного изучения казахского языка, которое выпускается совместно с Южно-Корейской компанией LG;
- организована служба «Казахский язык по телефону». Основной функцией службы по телефону является осуществление всесторонней помощи населению, предоставление необходимой информации по телефону в следующих вопросах: перевод терминологии; корректирование перевода текстов на казахском языке;

грамотное оформление документов на государственном языке; предоставление информации по грамматике казахского языка; уточнение значения слов, словесных оборотов; обучение казахскому языку; обучение государственному языку, а также языков народов Казахстан ведется и в воскресных школах. В 196 воскресных школах более семи тысяч детей и взрослых изучают родной язык;

➤ действует интернет-портал «Государственный язык Республики Казахстан», выполняющий роль информационного центра по языковой политике государства, который включает следующие сервисы:

- Многоотраслевые терминологические словари (предназначены для описания специальных терминов из областей науки и сфер жизнедеятельности общества)
- Словарный комплекс (единая база, в которую включены лингвистические и специализированные словари с объяснением значений слов средствами самого языка)
- Мультимедийная видеоэнциклопедия «Казахстан» (предоставляет доступ к интерактивной справочно-познавательной информации о Республике Казахстан)
- Электронный терминологический центр (организация коллективной работы специалистов с целью формирования совокупности терминов казахского языка)
- Казахские шрифты (сервис позволяет просматривать начертание и загружать нестандартные шрифты, адаптированные под алфавит казахского языка)
- Корпус казахского языка (предназначен для сбора всех видов информации на казахском языке и внедрения программы по ее обработке, классификации и анализу по заданным параметрам)
- Тесты (система тестирования для определения уровня владения государственным языком Республики Казахстан)
- Технический казахский язык (дистанционный мультимедийный комплекс обучения казахскому языку специалистов технического профиля)
- Языковая ситуация (автоматизированная система мониторинга и анализа языковой ситуации на территории Республики Казахстан)
- Историко-культурный фонд (база данных историко-культурного фонда казахского языка по письменным и этноархеологическим источникам)
- Система приема, хранения, поиска и обработки больших массивов текста.

Распространенные в первые годы языкового строительства упреки в недостатке методик обучения, учебников и методических пособий уже потеряли свою актуальность. Усилиями лучших казахстанских

специалистов в последние годы разработаны целые комплексы по изучению казахского языка как под руководством преподавателя, так и в самостоятельном режиме. Привлечены новейшие информационные технологии, разрабатываются стандарты, приближенные к зарубежным. На выставках, которые неоднократно состоялись в Астане, были представлены методические пособия и учебники, изданные областными и городскими центрами РК по изучению государственного языка, а также электронные учебники [2].

Республиканским координационно-методический центром развития языков имени Ш. Шаяхметова совместно с ведущими учеными Казахстана разработаны и утверждены Концепция, Единый стандарт, Типовая программа (Начальный уровень, Продолжающий уровень, Углубленный уровень) по ускоренному уровневому обучению государственных служащих (взрослых, обучающихся государственному языку). Как отмечается в информации о работе Республиканского центра, Учебно-методический комплекс по ускоренному уровневому обучению государственному языку «Жаңа толқын» разработан учеными Республиканского центра согласно запросам сегодняшнего дня. На сайте Центра отмечается, что комплекс предназначен для обучения государственному языку госслужащих и сотрудников негосударственных учреждений.

По словам разработчиков, учебно-методический комплекс по ускоренному уровневому обучению казахскому языку «Жаңа толқын» состоит из 3-х комплектов, включающий в себя 18 книг. Каждый комплект учебно-методического комплекса «Жаңа толқын» предназначен для обучения государственному языку по 3-м уровням. 1-й комплект состоит из 9-ти книг: основного учебника, грамматического справочника и учебного словаря для каждого уровня. 2-й комплект – аудиокурс по ускоренному уровневому обучению государственному языку «Жаңа толқын», который состоит из 3-х CD дисков. 3-й комплект – электронный учебник по ускоренному уровневому обучению казахскому языку «Жаңа толқын», состоящий из 3-х CD дисков. Комплекс создан по методике интенсивного обучения языка болгарского академика, психотерапевта Георгия Лозанова «погружение в язык». Эффективность данного комплекса заключается в том, что в нем применены все мультимедийные возможности, при котором работают все каналы восприятия [2]. Обучение казахскому языку по этой методике плодотворно осуществляется в Турции, Южной Корее, России. В 2008 году Центром был проведен семинар, на котором каждая область представила свой интерактивный учебный комплекс. Специалисты отмечают комплекс «Сарыарка», созданный Карагандинским центром изучения государственного языка, а также комплексы Восточно-Казахстанского, Актюбинского центров. Сейчас обучение казахскому языку можно вести в лучших традициях обучения языкам, таких, как Оксфордская методика обучения английскому языку, методические системы обучения русскому языку и др. Лучшие инновационные технологии в обучении английскому языку становятся примером для создания новых систем эффективного интенсивного обучения казахскому языку не только в нашей стране, но и за ее пределами [2].

Другой разработкой Центра является инновационный комплекс «Мәртебелі сөз» («Величественное слово»), обучающий официально-деловому стилю.

К сожалению, учебники Центра выпускаются по госзаказу и в продажу не поступают, поэтому деятельность Центра, по словам его специалистов, охватывает, главным образом, госслужащих. Республиканский координационно-методический центр развития языков имени Ш. Шаяхметова осуществляет свою деятельность через сеть региональных (64 областных и районных) учебных центров, при которых функционируют курсы повышения квалификации для преподавателей казахского языка по использованию в обучении новейших обучающих технологий: интерактивной технологии преподавания казахского языка, интенсивной, коммуникативной технологии, курсы теоретических и практических проблем перевода, делопроизводства на государственном языке и методики создания мультимедийных уроков [3]

Центр разрабатывает свой сайт (www.kazakhtili.kz), в котором планируется размещение подготовленных учебников и пособий, что во многом упростит доступ к ним всех желающих.

Литература:

1. Амирхамзин А. О казахах, о казахском языке // <http://www.neotech.kz/>
2. Ибрагимова А. Мультимедийные технологии в обучении казахскому языку // <http://www.profit.kz/>
3. Гук В. До чего дошел прогресс... // <http://info-tses.kz/>

ИСАКОВА С.С., ҚАНАТБАЕВА К., ЖОЛДАСОВА Қ.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ 1910-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ БАҒЫТЫ

А.Байтұрсынов 125 жылдығына арналған ғылыми жинақтың жауапты редакторы, филология ғылымдарының докторы Е.Жанпейісов: Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы қырық - отыз жылы - қазақ өркениетінің ең бір қарқынды дамыған, гүлденген тұсы. Олай дейтініміз: ұлт мәдениеті, қазақтың ғылым, білім де - бәрі шын мәнінде осы кезде ірге көтере бастады. Бәрінің де кейін қаз тұрып кетуіне, қалыптасуына Ахмет Байтұрсынұлы тікелей мұрындық болды. Сондықтан да осы қырық - отыз жылды қазақ өркениетінің, "Байтұрсынов дәуірі", "Байтұрсынов ғасыры" десе де болады"-депті [1,40-47].

1910-1930 жылдар аралығын еш талассыз қазақ терминологиясы дамуының “Байтұрсынұлы кезеңі” деуге толық негіз бар. Өйткені ғасыр басынан 30-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тіліне термин жасаудың үлгісін көрсетті.

Қазақ ғылыми терминологиясының негізін салушылардың бірі- Ахмет Байтұрсынов.

Әр ғылым саласының дүниеге келуінде екі түрлі бастама болады:

1. Пікірді дүниеге келтіру, яғни жол салу. Пікірді бірінші болып айтып өткен ғалым, я ғалымдар жол салушы болады. Олар жаңа ғылыми ойды айтып кеткенімен, оны жүйеге келтірмеген, жаңа пікірді ғылыми айналымға ереже, шарт, принцип ретінде ендірмеген, бірақ жаңа ғылыми ойды бірінші болып атап, көрсетіп, мысалдап кеткен.

2. Пікірді ғылыми ұғым ретінде жүйелендіру, қалыптастыру. Ғылыми пікірді ғылыми айналымға ендірген, оның ережелерін, шарттарын, принциптерін жасаған ғалым я ғалымдар негізін салушы, қалыптастырушы болады. Ғылыми саланың қалыптасуын осы, екінші түрдегі ғалымдар жасайды, себебі олар дүниеге жаңа ғылыми бағыт алып келеді.

А.Байтұрсынов қазақ терминологиясының тарихында осы мәселелерді шешіп, дүниеге ғылыми-әдістемелік ұғымдар мен терминдерді алып келген, солардың көпшілігін бірінші болып өзі атап, содан соң ғылым саласына, білім беру саласына жүйелендірген. А.Байтұрсынов қазақ терминологиясының жол салушы ретінде жалғыз емес, себебі А.Байтұрсыновқа дейін де, А.Байтұрсыновтың заманында да қазақ тілі терминологиясы саласында қызмет еткен қазақ зиялылары болған. Бірақ қазақ тіліндегі терминологияның негізін қалаушы, негізгі салушы ретінде дара тұлға.

А.Байтұрсынов метатіл, метатілдесім, объект-тіл, т.б. терминдерді қолданбаған. Ол кезде әлем тіл білімінде мұндай терминдер әлі пайда болмаған еді, себебі тілтанымның терминологиялық аппаратының жалпы деңгейі қазіргідей биік емес еді. Осындай жағдайда А.Байтұрсынов өз еңбектерінде метатіл, объект-тіл ұғымдарын толық қамтыған, себебі қазақ тілін зерттеген, жалпы қазақ тілтанымның метатілін және оның құрамындағы салалық метатілдерді жасаған. А.Байтұрсынов бұл ұғымдарды атамаған, бірақ имплицитті түрде толық қолданған.

Метатілдің шыны-терминдер тіркесінен жасалған күрделі терминдер. А.Байтұрсынов күрделі терминдерді де жасаған, яғни ол метатіл ұғымының құрамындағы мағыналық ерекшеліктердің барлығын қазақ тіл білімі метатілінің құрылымына ендірген.

А.Байтұрсынов қазақ терминологиясының жасаған кезде қазақ тіл білімінің сөзжасам саласы ғылым ретінде әлі жүйеленбеген еді, себебі сөз жасалу жолдары, олардың түрлері анықталмаған еді. А.Байтұрсынов қазақ тілінің сөзжасам түрлерін анықтады, олардың анализін жасады, біршама системалық ретке келтірді, сөйтіп терминдер жасады. Сонымен, А.Байтұрсынов қазақ тіл сөзжасам теориясының да негізін қалаушы ғалым ретінде танылды.

А.Байтұрсыновтың термин жасау негізгі принциптері: 1) терминнің түсініктілігі; 2) терминнің ана тілі негізінде жасалуы; 3) көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару; 4) қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін де қолдану. Сонымен А.Байтұрсынов өзінің терминжасамдық концепциясында жат тіл бірліктерінен жасалған терминдердің қазақ тілінде қолданылуының қажеттілігін жоққа шығармайды.

А.Байтұрсынов өзінің терминжасамдық творчествосының барысында жалпы терминологияға да, терминдер номенклатурасына да арнап терминдер жасаған. Мысалы: тіл, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі атаулары

жалпы терминологияға жатады: дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс атаулары фонетиканың терминдер номенклатурасына жатады.

А.Байтұрсыновтың терминологиялық мұрасын зерттеуші ғалымдар көбейіп келеді. Олардың зерттеулерінің басым көпшілігі ғылыми мақала жанрында жазылған. А.Байтұрсыновтың терминологиялық мұрасына көңіл бөлгендердің ішінде әр түрлі ғылыми салалардың мамандары бар: тілшілер, әдебиетшілер, әдістемешілер, математиктер, химиктер, биологтар, дәрігерлер, техника саласының мамандары, т.б. Бұл жағдай А.Байтұрсыновтың терминжасамдық дүниесінің маңызы жан-жақты екендігін, қазақ қоғамының барлық әлеуметтік салалары үшін еңбек етіп жатқанын дәлелдейді. А.Байтұрсыновтың терминологиялық мұрасы-полиғылыми, полиәлеуметтік дүние. Ө.Айтбаевтың сөзімен айтатын болсақ, "Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай" [2, 7]. Зерттеушілер көңіл бөлген негізгі мәселелер әр түрлі. Сол мәселелердің мағыналық көлемін біз төмендегідей анықтадық:

1. А.Байтұрсынов - жалпы қазақ терминологиясының жолын көрсетуші және негізін салушы.
2. А.Байтұрсынов - қазақ тіл білімінің, қазақ әдебиеттанымның, қазақ әдістемесінің негізін салушы.
3. А.Байтұрсынов - салалық ғылыми терминологияның негізін салушы.
4. А.Байтұрсынов - қазақ тіл терминжасамы теориясының негізін салушы.
5. А.Байтұрсынов – терминжасамдық қызметте қазақ тілі мүмкіншілігінің ажарын ашушы, қазақ тілі бірліктерін термин ретінде қолдануды бас міндет деп баяндаушы және соларды ғылыми қызмет айналымында қолданушы;
6. А.Байтұрсынов - қазақ тарихындағы, жалпы түркі әлемі тарихындағы терминжасам ілімінде дара тұлға.

Ізденушілерді шартты түрде екі топқа бөліп қарастырған. Бірінші топқа жататын мамандар А.Байтұрсыновтың терминологиялық теориясында интернационалдық терминдерді қолдану мүмкін емес деген принцип жоқ дейді. Екінші топқа жататын мамандар А.Байтұрсыновтың терминологиялық теориясында термин тек қазақ тілі сөздерінен жасалу керек дейді. Біз бірінші топтағы мамандардың пікірін қолдаймыз. Бірақ қазіргі қазақ тіл біліміндегі, жалпы қазақ терминологиясындағы интертерминдерге бас иіп, тізе бүгудегі асыра сілтеушілік бағытына қарсымыз. Әр нәрсе, әр ағым ретімен, қатаң бақылау негізінде жүзеге асу керек. Бірінші топқа да, екінші топқа да жататын мамандар осы бағыттың өлшемсіз жайылғанын айтады. Бүгінде А.Байтұрсынов терминжасам теориясының негізгі ережесі сақталмай жатыр дейді. А.Байтұрсыновтың терминологиялық мұрасын зерттеуге арналған мақалалардың концептуалдық деңгейі бүгінгі жалпы тіл біліміндегі терминология теориясының ұғымдарына, принциптеріне сай. Мақалалардың авторлары, терминнің шығу тегін, мағынасын, құрылымын, жасалу жолын, контекстегі қолданыс ерекшеліктерін әңгімелейді. Бірақ сол ұғымдармен қатар тұрған терминологияның негізгі ұғымдары-метатіл ұғымы, терминдер номенклатурасы ұғымы өте сирек тілге алынады, алынғанда да көбінесе иллюстрациялау мақсатында. А.Байтұрсыновтың терминдер қорының саны, қолдану жиілігі де арнайы ізденістердің

объектісі болмаған Ш.Жалмаханов пен Ж.Қ.Смағұловтың еңбектерінде ғана терминдердің саны көрсетілмеген, бірақ арнайы статистикалық анализ жасалмаған. Сонымен А.Байтұрсыновтың терминологиялық мұрасына арналған еңбектердің ұқсастығы да, айырмашылығы да бар. Ұқсастығы - зерттеу объектісінің бір екендігінде, айырмашылығы - зерттеу пәндерінің көптігінде. Яғни зерттеушілердің ғылыми пікірлерінің тамыры бір болғанымен, бұтақ болып жайылудағы бет алысы мен жапырақтауы алуан түрлі. Бірақ соған қарамастан, қазақ тілшілері бұл пікірді медеу тұтады.

А. Байтұрсынов жасаған терминдердің мағынасы жалпылама ұғымдарды айтады. А.Байтұрсыновтың тілтанымдық терминдерінің статистикалық анализінің нәтижесі қазіргі қолданылып жүрген терминдердің статистикалық ерекшеліктерімен бірдей емес. Мысалы, А.Байтұрсынов дүниеге келтірген 310 тілтанымдық терминнің 245-і күрделі тұлғалы терминдер, 65-і дара тұлғалы терминдер [Ш. Жалмахановтың деректері бойынша] 3,75 есе басым. Бұл өте үлкен көрсеткіш. Салыстыру үшін біз "Тіл білімі сөздігі" атты лұғатты статистикалық анализден өткіздік. [Тіл білімі сөздігі, 1998] Бұл сөздікте 562термин-күрделі тұлғалы, 593термин-дара тұлғалы.

А. Байтұрсынов жасаған тіл танымдық терминдердің саны	Дара тұлғалы терминдердің саны	Күрделі тұлғалы терминдердің саны
310	65	245
	Түбір сөзден	Туынды сөзден
	20	45

А.Байтұрсыновтың терминдер қорында күрделі тұлғалы терминдердің басым болуын төрт түрлі себептермен түсіндіреді.

1. XX ғ. басында қазақ тіл білімінің терең және жан-жақты қалыптаспағандығы;
2. XX ғ. басында қазақ, жалпы түркі тілтанымында да, әдістемесінде де терминологияның енді қалыптасып келе жатқандығы;
3. А.Байтұрсынов жасаған терминдердің көпшілігінің нақ ғылыми подстильге емес, оқыту-ғылыми подстильге арналғандығы;
4. А.Байтұрсыновтың терминдер қорындағы термин деп анықталып жүрген біраз сөз тіркестерінің термин статусы деңгейіне көтермегендігі, ұғымның түсіндірмесі статусында болғандығы;

А.Байтұрсыновтың терминдер қорында тек 18 термин жалпы тіл білімінде қолданылады деген дерек бар.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылғы Орынборда жарық көрген " Оқу құралының " өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған " Тіл-құрал" оқуықтарында бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдерді алғаш қолданып қазақ тіл біліміне орнықтырды. Бұл орайда, баса көрсететін бір мәселе-А.Байтұрсынұлы бірнеше терминдерді ойлап тауып, соларды ғана тілде қалыптастырған жоқ, ол

бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, *тұтас терминдер жүйесін жасады*.

Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы - табиғи құбылыс. А.Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдер жүйесі де, қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде. А.Байтұрсынұлының терминдер жүйесін қалыптастыруы- оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігі дәлел бола алады. Келесі атап өтетін маңызды мәселе А.Байтұрсынұлының терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет тиімді пайдаланған білімпаз екендігі. Ахмет қаламынан туындаған қазақ тілінің грамматикасының жазылумен тікелей байланысты жүздеген терминдерді атап көрсеткен. Олар *жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс*, терминдерді **семантикалық тәсілмен**, ал *жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, ыуыныш, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, жалғаулық, есімдік тәрізді* көптеген терминдерді **морфологиялық тәсілмен**, ал *дауыссыз дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем* сияқты терминдер тобы **синтаксистік тәсілмен** жасалған. Келтірілген мысалдардың бәрі дерлік А.Байтұрсынұлының негізгі тілтану саласындағы еңбектері топтастырылған "Тіл тағылымы" кітабынан алынды. Бұл терминдердің кейбірі орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалау арқылы, мысалы, *дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз*, т.б. жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұл ғалым -ағартушының калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көрсетеді. А.Байтұрсынұлы аталған терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып, әбден қалыптасып кеткендігі олардың өте сәтті жасағандығының дәлелі.

Ғалым еңбектерінде қимыл атауы тұлғалы *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процесті ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау А.Байтұрсынұлынан бастау алғаны, термин тудырудың өнімді бір үлгісіне айналғаны аңғарылады. "Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, ауыстыру, теңеу, т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалса, кейбірі (мысалы, лептеу, ойамалдау, т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне-у жұрнағын жалғау жолымен жасалған" [3, 140].

Бұл зерттеуімізде біз өткен ХХ ғ. 20-жылдарынан бастап, аяғына дейінгі аралықта Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы, Құдайберген Жұбанов, Нығмет Сауранбаев, Сақтаған Бәйішев, Әбдуәли Қайдар сынды ғалымдар жасаған, ұсынған қағидаттарды зерттеу нысаны ретінде қарастырумен қатар басқа да түрлі сала мамандары тарапынан терминология қағидаттарына қатысты тікелей немесе жанама айтылған ой-пікірлерді ескеріп, оларды қал-қадерімізше сараптай отырып, қорытындыға келдік деуге болады. Жалпы өткен ғасырдың әр кезеңінде

жасалып басшылыққа алынған немесе ғалымдар тарапынан ұсынылған қағидаттарды ой елегінен өткізіп, алда қандай қағидаттарды басшылыққа алуымыз қажет деген сұраққа жауап іздеу барысында біз бұл мәселеде о баста-ақ алаш зиялылары дұрыс бағыт ұстанғандығына көз жеткіздік. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы жасаған, 30-жылдарға дейін ұлттық термин қорымызды қалыптастыруда алаш зиялылары басшылыққа алған қағидаттарға қайта оралып отырмыз. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытып, термин сөздерімізді тіліміздің өз заңдылықтарына сәйкес жазып, ұлттық терминқор қалыптастыратын жасампаз ұлт боламыз десек, басқа жол таңдау қиын. Араға оралып, солар жасаған қағидаттарды қайта жаңғыртып, соған негізделген қағидат қалыптастырсақ деп, жол таңдауымыздың басқа себебі де жоқ. Ал 70-80 жыл басқа бағдар ұстанып, соны соқпақпен жүріп үйреніп қалғандықтан, бетбұрыс жасап, күре жолға қайта түсуге қабілет-қарымымыз, қажыр-қайратымыз бен ерік-жігеріміз жете ме, жетпей ме оны уақыт көрсетеді. Бірақ біз қалайда қазақ тілінің қамын шын ойлап, қасиетін ұғынып, ерекшеліктерін ескере отырып белгіленген бағытқа бет бұрып, ұлттық терминқор қалыптастырудың тура жолына түсуге міндеттіміз.

Әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
2. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 229 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі – Алматы: Ғылым. – 1998. – 208 б.

ҰЛЫҚПАНОВА Ә.Ж.

ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАЙЫМДАУЛАРЫ

Қ.Жұбановтың фольклор мен халық әдебиетін кең диапозонда алып қараған ең негізгі еңбегі «Абай жән халық әдебиеті» деп аталады. Аяқталмай қалған бұл зерттеу 3 тараудан тұрады: «Еленбеген ерекшелік», «Абай және шағатай әдебиеті», «Абай және халық әдебиеті». Абай ақындығына зерттеуші ретінде әділетті бағасын берген профессор Қ.Жұбанов осы еңбектің «Абай және халық әдебиеті» атты үшінші тарауында фольклордың жанрлық ерекшеліктері жайында бай тұжырымдамалар жасайды. Өзекті тақырыпты танытуда терең білгірлік танытады. Ауыз әдебиеті үлгілері таптық қоғамның жемісі, үстем таптың көзқарасын насихаттаушы, бүгінгі ісімізге пайдасынан зияны көбірек деген тұрпайы таным алақұйындатып тұрған 30-жылдары Абай мен халық әдебиеті арасында іліктестікті іздеп, халық даналығының ақынның шығармашылығына тигізген игі ықпалын атау онсыз да соқа басын саудаға салып қойған абайға қатысты сол «кезеңдік» танымды ушықтырмаса, тұншықтырмайтын еді. Міне, осы тұста тереңнен танып, астарлап меңзейтін профессор Қ.Жұбанов асқан зерделілік танытып, ұлы ақынды басқа халық ақындарынан биіктетіп, қадірін арттыру мақсатымен

халық әдебиетінің «ақиқаты азған, шындығы тозған, шақпағы керексіз Абай «ескі бише отырмын бос мақалдап» деп осыларды сынаған, қысқасы халық әдебиетінің жаңалығы жарытусыз», – деген пайымдауларына бір жақты қарамау керек. Бұл Абай қажет пе, қажет емес пе деген тұста, қайткенде де ұлы ақынның зор тұлғасын кішірейтпей, ұлылығын мойындатудан туындаған шарттылық болатұғын.

«Біз Құдайбергеннің замандастары, әрі достары... Қуанұлы Жұбановтың игі еңбектерін еш уақыт ұмытпақ емеспіз» – деп сөз арнаған М.О.Әуезов: «Оның (Қ.Жұбановтың) 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекеде жасаған баяндамасы (кейін мақала түрінде жарияланған) – қазақ филологиясының, әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылатын бағалы еңбек. Абайдың өлең құрылысындағы ерекшеліктерді, ақынның новаторлығын және халық тілін пайдаланудағы шеберлігін алғаш көрсетушілердің бірі де осы Құдайберген болды» [1, 77-78-б.], – деп баға берген болатын.

Ойшыл ғұламаның халық қазынасын қаншалықты құрметтегені сыншы С.Әшімбаевтің риясыз ой-толғамдарына қарап отырып-ақ көз жеткізуге болады, қараңыз: «Біз осы уақытқа дейін «ауыз әдебиеті» деген терминді оңды-солды көл-көсір пайдаланып келдік. Ауыз әдебиеті дегеннің өзі бір жағынан ауызекі, жеңіл-желпі сөз деген сияқты да мағына беретіндігіне мән бермей келгеніміз де рас. Ал шындап келгенде мұнда халық творчествосының мән-маңызын кеміту сарыны, кемсітушілік райы байқалып тұрған жоқ па? Соңғы кездері ауыз әдебиеті деудің орнына халық әдебиеті деп алып жүрген парасатты тенденция көзге түсе бастайды. Халық әдебиеті деген сөзде халыққа, оның ұлылығына деген симпатия басым. Білмеген кісі у ішеді деген осы ғой, бақсақ, «халық әдебиеті» атты оңтайлы термин Құдайберген Жұбановтың сонау отызыншы жылдары жазған мақаласында жүр екен. «Халық әдебиеті халықпен құрдас, онымен бірге жасасып келе жатқан кәрі нәрсе... Әрбір жаңа шығарма сол ескі тамырға көктеп өседі... Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті дер едік». Қ.Жұбановтың осы парасатты пікірлеріне сүйене отырып, біз халық әдебиеті алып әдебиет деген қорытынды жасауға мәжбүр болып отырмыз» [2, 315-316 бб.]. Профессор ұлттық әдебиет тану тұрғысында өзіндік термин қолданып: «ауыз әдебиеті» емес, «халық әдебиеті» деп пайдаланғандығын баса назар аударып айтқанымыз жөн. Бұл арада, «ауыз әдебиеті» деген қолданыстан гөрі «халық әдебиеті» деуінің өзінде фольклордың синкреттілік сипатын тану жатыр. Ия, үңіле білген жанға білімдардың бұл ғылыми-теориялық зерттеуі небір тұңғыық сырларға, нәзік талдауларға бай. Профессор Абайға рухани нәр болған – халық әдебиеті, әдеби тілдің дамып, өсіп-өркендеуіне аздық етеді дейді. Яғни, «Абайдың алдындағы әдебиет үлгісі осы сұйық мәнді жұқа дәнді өлеңдер, тозығы жеткен мақалдар, бір өңдей тізіліп, жалықтырғыш келетін ертегілер еді», – деп жазды. Олай болса, Қ.Жұбанов қазақтың сан ғасыр бойғы ауыз әдебиетін керек етпеді деп айтуға әсте болмайды. Абай ақын сөздің түп мәнін тексере, өлеңге аса сыншылдықпен қараса, бұл үлгілі сыншылдық Қ.Жұбановқа да жат емес. Соныменен, жоғарыда келтіргеніміздей, Қ.Қуанұлы, халық ауыз әдебиетін тосын көріп, мүлдем жатсынып тұрған жоқ. Абайдың өзі классик ақын дәрежесіне таза халық тілімен жазып тұрып жетті дейді.

Зерттеуде фольклортанушылар үшін таптырмайтын құнды пікір-дәлелдемелер жеткілікті. Алдыменен, елдің әдеби мұрасының ғасырлық өміршеңдігінің себептеріне тоқтала келеді: «Халық әдебиеті – халықпен құрдас, бірге жасасып келе жатқан нәрсе. Оның жаңалығы жарытусыз, бұрынғының үстіне жаңа бояу жағу түрінде ғана болады. Жаңа шығармасы да сол ескі тамырға көктеп өседі... Халық әдебиетінің сақталатыны да, оның таусылмайтыны да осыдан». Және бір сөзімізде Құдайберген Қуанұлының тіл табиғатын да, адам жанын да зерделей білген психолог деп кеттік. Бұл – бекерге айтылған жоқ. Сөзімізге дәлел іздесек, профессордың әрбір пайымдауының астарынан шыға келеді: «қазақтың халық әдебиеті де сахна әдебиеті болатын, көпшіліктің тыңдауына бейімделген шығарма болатын. Тыңдалатын шығарма мағынаның артық қоюлығын көтермейді. Олай болса, тыңдаушының миын шаршатады. Сондықтан халық шығармасында шығарманың тақырыбына қатысты сөздердің аралығына тыңдаушының миына гимнастика болғандай «басы артық» сөздер енгізілген». Осылайша, Абай сынаған қыстырма сөздердің ауыз әдебиетіндегі пайдасын лингвопоэтикалық пайымдау тұрғысынан түсіндіреді, теориялық талдаулар жасайды.

Профессор Қ.Жұбанов Абайды ескіні жаңамен шебер ұштастырушы деп бағалауымен қоса ұлы ақынның бойында фольклор зерттеушісін де танығанға ұқсайды. Бұған ғалымның зерттеуіндегі мына жолдар айғақ: «Қазақтың мақалдарына қарап отырып, қазақтың тарихын қарастыруы да, өз сөзіндегі қазақтың шаруашылық қалпын, дүниеге көзқарасын білуге мақалдарды кілт қылғысы келгені де – бәрі де халық әдебиеті мұрасын қалай пайдалану жолын түсінгенін көрсетті». Дау жоқ, сөз ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақаласындағы шығу тарихын қазақ халқының тарихымен байланыстыра ашқан «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», «Жылан жылы – жылыс болды...», «Самарқанның сар жолы, Бұланбайдың тар жолы» деген сияқты мақалдар тұрасында болып отыр. Профессор Қ.Жұбановтың асқан көрегендікпен Абайды жаңа бір қырынан тануын бұрын-соңды әдебиеттану ғылымында болмаған тың таным деп бағалауға болады. Осы орайда, ірі зерттеуші ғалым С.Қасқабасов қазақ фольклорын зерттеу ісінде Абайдың орны аса зор тұлға екендігін тұжырымды дәлелдегендігін атап өту керек. Академик С.Қасқабасов «Абай және фольклор» аталатын еңбегінде қазіргі ғылым бағытын жаңа соқпаққа салатын тың пікірлер айтылған. Автор: «Ғылымда тоқтау болмайды, ізденістер үнемі жүріп жатады. Осы процесте алуан түрлі ойлар айтылуы мүмкін, олардың арасына қате айтылғандары да болуы мүмкін» [3, 544 б.] – дейді. Сол секілді, С.Қасқабасовтың өте орынды атап көрсеткеніндей, бүгінгі таңда Абайды жеке бір ақынның шәкірті, бір аймақтың ақындық мектебінен ғана сусындаған деушелер ақиқаттан алыс тұрғандар. Автордың айтуынша Абай фольклор мен өзіне дейінгі ақын-жыраулардың, жалпы Шығыс, одан бергі Батыс пен орыс халықтарының әдебиет әлемімен түгел таныс болған. Зерттеуші атаған бірінші мәселе, танымы терең, өресі биік ақынды тек қана бір топырақтан нәр алып, бір ғана адам шығармашылық шабытын оятты, әдебиетке баулыды деген теріс ойдан аулақ болған жөн. Және Абайдағы үш қайнар бұлақтың көзін дәл тауып көрсеткен М.Әуезовтен кейін, Абай шығармашылығына қатысты жаңа ғылыми зерттеулердің де туындамай

отырғаны да рас. Екіншіден, Қасқасбасовтың айтуынша, Абай тек қазақ фольклорын ғана емес, жалпы әлем халқының бай фольклорлық мұрасымен өте жақсы таныс болған. Әйтсе де, шығармашылық үзеңгілестіктің көрінісін ақын шығыс сюжеттерін пайдалану арқылы танытты. Европа мен Ресей елдерінің мәдени-әдеби жайын жақсы білгенімен, сюжеттерін өз шығармаларына арқау етпеген. Бұнын себебін, зерттеуші, басқа халықтың тұрмысы мен өмір салты қазаққа жат екендігімен түсіндіреді. Өмірді қабылдау санасы туған елінен өзге орыс халқының шығармаларын қазақ тіліне аударғанымен, сюжетін пайдалануды мақсат етпеген. С.Қасқабасов, Абай – қазақ үшін, ренессанс өкілі болды дейді. Ақынның ой-пікірлерінің ренессанстық сипаты, оның ең бірінші жырлаған тақырыбы Адам болғандығында. Рухани тәуелсіздікке ұмтылатын Адамның жан-дүниесі, оның өмір сүрген заманы мен қоғамы, бұл тақырып та Абай үшін ерекше жырланбақ тақырып. Сол қоғамды өзгертуге күш салатын бейне ғана «толымды адам» бейнесі болмақ. Біздің пайымдауымызда да, Абайдың өз тұлғасы – нағыз толымдылықтың сипатын бере алады. С.Қасқабасов зерттеуінің бүгінгі ізденіс талаптарына сай келетін жаңашылдығы, «Абай ақын «... толымды адам туралы өз концепциясын ұсынды, өмірдегі барлық проблеманың кілті Адам деп тапты, яғни гуманистік пайымды өз философиясының негізі етіп алды. Әдебиетті де осы тұрғыдан бағалады, оны бұрынғы жыраулардан келе жатқан мемлекеттік қызметтен азат етіп, адамның ішкі-дүниесіне, көңіл-күйіне бұрды, оның бейнелік, әрі көркемдік сапасына ерекше мән беріп, әдебиеттің эстетикалық мән-маңызын арттырды. Осы шартты данышпан ақынның фольклорға деген көзқарасынан да, оны пайдалану принципінен де көруге болады. Фольклорлық материалды көркемдеп баянағанда да, саралап талдағанда да темірқазық етіп ұстаған басты идеясы – адам болды» [3, 545-546], - деген ой-пікірді ұстанып, дәлелдей білуінде.

Қ.Жұбанов: «Абай ескі мұраны талғамай ала беретін адам емес. Ол ескіден қалған мұраға да өз заманының жайына да сын көзімен қарап, өзінің ақыл елегінен өткізіп алған. Қашаннан келе жатқан «мәңгі шындық» саналатын мақалдарды, әдет заңын Абайдай қирата сынға алған қазақта ол кезде болмаған», – деп Абайдың сыншылдық көзқарасын да елеусіз қалдырмайды. Осы тұста М.Мырзахметовтың: «Профессор Қ.Жұбановтың осы еңбекте Абай мен Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің ара қатысына, олардың өзара әсеріне тоқталып, пікір айтуының осы күнге дейін ғылыми маңызы зор. Өйткені «Абай және халық әдебиеті» деген бөлімде Абайдың халық әдебиетіне сыншылдық тұрғыдан қарай отырып, оның өміршең жағын сарқа пайдалана білген ақындық шебеліі мен ой-пікірінің ұшталуына, көрнекті қоғамдық қайраткер дәрежесіне көтерілуіне елеулі әсер еткен халық әдебиетіне зор мән беруі бұрын соңды айтылмаған әрі өз кезеңіндегі кесек пікір. Сол дәуір мен соңғы кездердегі жазылған кейбі еңбектерде Абай дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен рухани қазына көздерінің бірі – халық әдебиетіне жетерліктей көңіл бөліп, арнайы қарастырылмауын еске алсақ, бұл мәселенің мәні ашыла түспек» [4, 101 б.], – деген ұстанымын ескерсек, Қ.Жұбановтың Абайды талдау, түсіндіру арқылы бізге жеткізбек болған халық әдебиеті туралы танымын ұғына түсеміз.

Ә.Дербісалиннің атап көрсетуінше, «зерттеудегі өзге бір өзекті мәселенің бірі – Абайдың өзіне дейінгі әдебиетпен, әсіресе, қазақ ауыз әдебиетімен байланысын анықтауға қатысты, ғалым мұнда да аса негізгі мәселелердің төңірегінде толымды ойлар түйеді. Ең алдымен ол «Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті» екенін атап айту арқылы Абай мен Абай поэзиясының ұлттық сөз өнері негізінде дүниеге келгенін, яғни ұлы ақынның халықтық, ұлттық негізін атап көрсетеді. Бұл тұста Абайды тану мн бағалауда басты талас мәселенің бірі осы төңіректе еді» [5, 128-129 б.] - деп оңды ойды өрбітеді. Ф.ғ.д., профессор С.Негимов те: «...Қ.Қ.Жұбанов ұлттық фольклор жайында құнарлы ой-пікірлер өрбіткен. Оның жазба поэзиядан өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білгірлікпен айқындап берген. Екіншіден, ғұлама ғалымның сөз саптауы, ой түюі, нәзік талдаушеберлігі, интеллектуалдық мәдениеті, ғылыми таным шеңбері, зерттемпаздық қабілеті мейлінше қызықтырады. Сондықтан да оның еңбегінің танымдық, ғылымдық мәні де осында» [6, 51 б.], - деп ой түйіндейді.

Қ.Жұбановтың Ақтөбеде оқытушылық қызметте жүрген кезінде-ақ фольклорлық мұралардың жанашыры, жинаушысы болғаны бізге белгілі. Сөзіміздің дерегі ретінде, Қ.Жұбановтың 1932 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданында мекен еткен Есет Көтібарұлының ұрпағы Таразы мен Шәкірдің айтысын хатқа түсіргендігін айтқанымыз жөн. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі «сүт кенже» деген сөз тіркесінің қолданысын көрсету үшін «Таразы мен Шәкірдің айтысын» жазып алып, «Из истории порядка слов в казахском предложении» [7, 419-420 бб.] атты зерттеуінде мысалдаған. Зерттеуші «сүт кенже» тіркесі өте сирек айтылатын сөз тіркестерінің қатарында дей келіп, бұл тіркестің жекеленген қолданыстағы көрінісін дәлелдеу үшін, осы «Шәкір мен Таразының» айтсын туралы айтып кетеді. Бұл айтыс – Қ.Жұбанов қызмет еткен аймақ Ақтөбе облысының Шалқар ауданынан жазылып алынған. Таразы – тарихи тұлға, ержүрек батыр Есет Көтібаровтың (XIX ғ. ортасы) келіні екен. Таразының өзі – аса сұлу, әрі ақын болса керек, сондықтан да болар, Есет батырдың соқыр, әрі есерсоқ кенже ұлы Дәуге айттырылғаннан кейін, басқа түскен тағдырына риза болмай, Дәу мен оның ата-тегіне тіл тигізіп, өлендетіп, кесірленіп сөз сөйлепті. Болашақ келіндерінің бұл қылығына риза болмаған, Дәудің қандастары суырыпсалма ақын Шәкірге арнайы тапсырыс беріп, Таразының «орынсыз» қылығын ел алдында әшкерелеуді сұрапты. Той басталып, келін түскеннен кейін, Шәкір ақын беташар үстінде:

Бұхардың мақпалындай етің, келін!
Кешегі жауған қардай бетің, келін!
Есеттің сүт кенжесін соқыр дейсің!
Үйінде әкесі жоқ, жетім келін! –

деп төгілте жөнелтіпті. Зерттеушінің түсіндіруінше, бұл арада бір жағынан Шәкір ақынның Таразыға «әкесіз өскен жетім» деуінің ешқандай реті жоқ секілді. Әйтсе, текті ұрпаққа тіл тигізудің өзі, әкесіз өсіп, тәрбие кермегендіктен туды ғой деген ишаратпен айтылған. Автор Шәкір айтқан «Үйінде әкесі жоқ, жетім келін!» деген жыр жлдарының мағыналық ұғымын «Әкесіздің аузы өсер» деген халық мақалымен байланыстырады.

Таразы Шәкірдің жазғырып сөйлеген сөзіне табан астынан жауап қайтарған:

Сұрасаң руымды – Құлтумамын,
Жал-құйрық аруанадан бір туғанмы.
Болғанмен әкем өлі, екі ағам бар
Соқтырған мың теңгеден ер-тұрманын.
Қыздарды әкесі бар көріп жүрміз,
Жеңінің жамай алмайт жыртылғанын,
Бетіне беташарды ұстап алып
Көрдің бе мына шалдың құтырғанын!

Сөзге жүйрік Таразы ақын той үстінде Есет батырдың немере қыздарының бірінің жыртық жеңмен жүргенін байқаса керек. Бұл арада әкесі барлардың да дұрыс тағылым көрмей жүргендерін бетке басады. Әрі, «қос ағасының мың теңгеден ер-тұрман соқтырарлық халдері барлығын», ал «барлықтың – байлыққа жеткізетіндіктерін» ишаралау бар. Автор «сүт кенже», «бір туған» деген сөз тіркестерінің ұғымын беру үшін, олардың поэтикалық қолданыстарын дәлелге келтірген. Сөздің түп төркініне терең мән берген зерттеуші, «сүт кенжені» – үй-ішінің ең кішісі, деп ұғындырса, «бір туған» тіркесін – «жалғыз өркешті түйенің ең күшті тұқымы», яғни, бұл айтыстағы қлданысы «дара туған», «ілуде бір кездесетін», «жұрттан өзге» деген мағынада айтылатынын дәлелдеген. Сонымен қатар, Қ.Жұбанов тұрмыс-салт жырларының көркем үлгісі – беташарға жанрлық тұрғыдан анықтама да беріп кетеді. Таразы жеңіске жеткен бұл айтысты Қ.Жұбанов 1932 жылы Есет Көтібаров ұрпақтарының бірінің аузынан жазып алғандығын айтқан. 1920-1926 жылдары қазақ халқының бағалы қазынасы ауыз әдебиеті үлгілерін өзі жүрген, естіген жерлерінен жиаумен әркез шұғылданған Құдайберген Жұбанов болғандығын да естен шығармаған жөн. Профессор Қ.Жұбанов қазақ тілін тыңғылықты зерттеу үшін, тіліміздің өзіне тән ішкі заңдылықтарын, рухын жете түсіну үшін халық әдебиетінің маңызы зор екендігін жоғары бағалаған.

С.Негимовтің «Құдайберген Жұбанов және қазақ фольклоры» деп аталатын мақаласында былай делінген: «...туған халқының ауыз әдебиетінің інжу-маржан үлгілерін, рухани-мәдениетін жүйрік таныған, рухани-мәдени мұраларын, ұлттық игіліктерін зердесіне тоқыған, тамаша қасиеттерін бойына дарытқан, жан сарайын байытқан. Алдыменен, Құдайберген Жұбанов ауыз әдебиеті шығармаларын қалайша пайдаланғаны, кәдесіне қалай жаратқаны және жинаушылық жұмыстары жөнінде. Мәселен, ғалым «О построении речи на казахском языке» деген еңбегінде сөйлем құрылысын тексеру барысында ақын-жыраулар поэзиясынан, халықтың мақал-мәтелдерінен мысалдарды молынан қарбытып алады. Айталық: «Бітісі жаман қамысты су ішінен өрт алар», «Сырын білмген аттың сыртынан жүрме», «Еділдің бойы ен тоғай, Ел қондырсам деп едім. Еңсесі биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім. Хан саркыты сары май, Еріксіз жесем деп едім», «Түсі қандай болса, ісі сондай. Егін қайда болса, береке сонда». Оқымысты ұлттық тілдің қазынасынан сөдерді немесе сөз тіркестерін емін-еркін пайдаланып отырады. Әрі олардың тарихына, түп-төркініне ақыл көзімен барлау жасап, мән-мағынасын толығымен түсіндіреді. Ауыз әдебиеті әлемінен мысалдарды ойып алып, оларға жан-жақты түсініктеме береді. Бұл орайда оның «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген

зерттеуінде «атжаксы», «жаужұмыр», «біртуған» және «сүткенже» секілді сөз тіркестерінің өмір тарихын білгірлікпен баяндайды. Шын мәнісіндегі ғылыми түсініктеме деген осы шығар». [6, 47-48 бб.] Қ.Жұбановтың тіліміздің асыл қазынасы – фольклорлық сөз шеберліктерін өз еңбектерінің қай-қайсысында да молынан пайдалана біледі. Ф.ғ.д., профессор Ә.Молдаханов «Жұбанов тағылымы» атты мақаласында осы мәселені сөз етеді. «Қ.Жұбанов өзінің тіл ғылымына арналған күрделі еңбектерінде фольклор материалдарын жан-жақты қамтып, молынан пайдаланғаны таңдандырады. Мәселен, ғалым «Қазақ тіліндегі сөз құрылымы», «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орналасу тәртібі» деп аталатын еңбектерінде халық фольклорының нелер інжу-маржандары мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді емін-еркін пайдаланып, оларға жан-жақты ғылыми түсініктемелер берген» [8, 61 б.].

Сөзге шебер, тілге бай Қ.Жұбановтың зерттеу еңбектерінде халық әдебиетінің кейбір қолданыстарын пайдалану үлгілері аз кездеспейді. Дәлел іздесек, «Қазақ тілінің жоғары курсы. «Дәрістерінде»: «Адам көркі – шүберек» [7, 72 б.], - деп ежелден келе жатқан қазақ мақалын, сондай-ақ, «Май әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие!» [7, 94 б.], деген ұйғыр мақалын мысалға келтіреді. Ал «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» аталатын мақаласын «Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» [9, 59 б.] деген мақалмен бастаған. «О построении речи на казахском языке» атты зерттеуінде «Бітісі жаман қамысты су ішінен өрт шалар» деген мақалдағы сөздердің орналасу тәртібін түсіндіреді. «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінде Абай ақынның сынына іліккен «Ата-анадан мал тәтті», «Атың шықпаса жер өрте», «Жарлы болсаң, арлы болма», «Көппен көрген ұлы той» деген мысалдарды келтіре отырып, халық әдебиетінің жанры – мақал-мәтелдердің сипатын береді. Яғни, Қ.Жұбановтың айтуынша, мақалдар қашаннан «мәңгі шындық» саналатын ерекшелік бар. Бұл сөздердің мәнісінде, мақалдар – «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», әрі халықтың өткен ғұмырынан білген-түйген қорытынды тұжырымы, ақыл мен даналыққа толы нақыл сөздері деген ой жатыр. Әйтсе де, Қ.Жұбанов мақал-мәтелдердің өнемеіін «мәңгі шындықтың» да сиқын бере алмайтындығын да Абайды түсіндіру арқылы бізге ұғындырып кетіп отыр. Аталған зерттеудегі профессор «мақалдардың жарамсыздары көп екендігін» және осы жарамсыз мақалдардың «халық әдебиетін кері тартатын тараулар екендігіне» де мән береді. Бұл да дұрыс тұжырымы. Шындығында да, өткен мұраның бәрі де талғаусыз ала беретін «өңкей асыл» емес қой. Сондықтан да, халық әдебиетінің кейбір үлгілерінің ғасырдан-ғасырға сұрыпталып барып жетуі де тегін емес.

«Абай және халық әдебиеті» аталатын тарауда Абайдың «қазақтың мақалын да, ертегісін де, салтын да – бәрін де суретке пайдаланады», бірақ бұрынғы ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдалана отырып, жаңа түр, жаңа сипат беретіндігін өте әділетті түрде атап өтеді. Әйтсе де, Абай ақынның жаңа әдебиеттің негізін салушы адам екендігін көрсетуде, бұрынғы әдебиеттің бар мұрасына сын көзбен қараушылық Қ.Жұбановтың өзінде де жоқ емес. Кей тұста тіпті батырыңқырап та айтып жібереді. Мәселен, «Абайдың алдындағы әдебиет үлгісі осы сұйық мәнді, жұқа дәнді өлеңдер, тозығы жеткен мақалдар, бір өңдей тізіліп, жалықтырғыш келетін ертегілер еді» деп ой қорытады. Енді бір тұста халықпен жасасып келе жатқан «кәрі әдебиеттің жаңалығы жарытусыз»,

жаңасының өзі «ескі тамырға көктеп өсетіндіктен», «ұлы өзгеріс болмайды» деп келетін шымбайға батыр шындық пікірлер де жетіліп артылады. Сондай-ақ Шортанбай, Дулат, Бұхар жырауларға Абайдың өз сөзімен сынаймын деп мысалдатып, соқтықпай кетушілік те жоқ емес. Әрине, Абайды түсіну үшін, Абайдың жан дүниесін түйсініп барып талдау керек қой. Сондықтан да, тап осы тұста Абайшалап сынға алған да дұрыс болар деп түсіндік. Дегенмен де, профессор Қ.Жұбанов сынаған деген осы болар деп жыраулар шығармашылығының бәрін бірдей жоққа шығармайды. Ол Абайды «ескі әдебиет мұрасының ескірген жерін көзі шала бастайды» дейді. Зерттеушіге қашанда сөздің мәнін түсікпен түсінетін «нәзіктік» те қажет. Аңғарып қарасақ, «ескі әдебиет мұрасының ескірген жері» дегенде біраз мағына жатқанда. Өткен нәрседе ескірген жер болмай тұрмайтындығы кімге болса да ақиқат емес пе?

Қ.Жұбановтың тұжырымдамасының ғылыми мәнінің зорлығы, оның ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің айырым арасын ажырата отырып, Абай поэзиясының көркемдігін көрсетуінде де жатыр. Сонымен, Абай ақын «ауыз әдебиетіне қанша сүйсінсе де», ескі жұртта байланып қалмайды. Өйткені ақындық құдырет бойға толып, алға тартқызатындығын зерттеуші ашып айтады. Оның айтуында, ескі әдебиет мұрасын Абай пайдаланады. Бірақ ақын қолданысы мүлдем өзгеше. Яғни: көпшілікке ескі образ – таныс, ал таныс бейнеге жұрт үңілгіш. Үңілген жанның алдынан Абайдың жазуында бұрынғы, жалықтарғыш тіркес қайта айналып шықпайды. Таныс образдың сансыз құбылысы мың түрленіп көрінеді деген бағалы пікір бар. Қ.Жұбанов қандай пікір келтірсе де, ешқайсысы дәлелсіз емес. Тек қана тіл-дерекке сүйенеді. Мәселен: «Жер-ана деген ұғым қай жұртта да бар. Бірақ Абайдың жер-анасы не қалыңдық ойнаған қыз болып, ұрын келген күйеуі күнмен жымындасып, күліп ойнап кетеді, немесе ол ана, елжіреп емізіп кетеді». Ия, Абай – сөз суретшісі. Абайда өлі сөз, құлаққа зәрлі тиетін шашаулы тіркес атымен жоқ. Әр сөзі санаға сәуле болып құйылып, тағлым боп бекиді. Қ.Жұбанов та бір қазақ тілін емес, бірнеше тілдің қыр-сырын қатар меңгергендіктен, салыстыра да алады, шешен тілін шебер ойната да біледі. Абайды жазса, Абайша толғап кетеді. Қ.Жұбанов Абайдың образ жасауда пайдаланған халық әдебиеті үлгілерінің көне болғанмен де, құнарлы екендігін танытуға талаптанған. Осы орайда, бір ескертетін жайт, Қ.Жұбанов тіл білімімен айналысып жүрген кезеңде Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағы бойынша үстемдік етіп келген ғылыми тәсіл «тіл туралы Маррдың жаңа ілімі» деп аталады. Оның негізгі ұраны «Марксизм дегеніміз – тіл біліміндегі марксизм» деген еді. Осы ілім бойынша басқа ілім атаулылардың бәрі де «буржуазиялық» деген бір эпитетпен анықталып, олардың қағидаларын пайдалануға жол жоқ болатын. Солай бола тұрса да, Құдайберген Жұбанов халық әдебиетінің деректерін талдауда айшықты образы әсем ұйқастардың тікелей халық өмірінен, шынайы болмысынан туғандығын ескеріп, Батыс Еуропада кеңінен өрістеген этнолингвистикалық пайымдаулардан да қашпаған. Мысалы: қазақ фольклорындағы «Адамның басы – алланың добы», «Арыстан айға шауып мер болған» тәріздес мақал-мәтелдерде жиынтықталған халықтық образдардың поэзия тіліндегі көріністерін тек сол этнолингвистикалық ыңғайда түсіндіруі мүмкін еді. Біз ғалымның бұл орайдағы батылдығын, өз заманында әлі елімізде қалыптаспаған этнолингвистика, лингвистикалық

поэтика мен стилистика секілді ғылым салаларына құлаш ұруынан да байқаймыз.

Әдебиеттер:

1. М.Әуезов. Ірі оқымысты // Қ.Жұбанов. Шығармалар мен естеліктер. Алматы: Өнер, 1990. - 208 бет.
2. С.Әшімбаев. Абай тағылымы – азаматтық тағылым // Шындыққа сүйіспеншілік. Алматы: 1993.
3. С.Қасқабасов. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма, 2002. - 584 бет.
4. М.Мырзахметов. Абай мұрасы 1926-1940 жылдар аралында // Абайтану тарихы. Алматы: Ана тілі, 1994 – 192 бет.
5. Ә.Дербісалин. Ұстаз-ғалым. Қ.Жұбанов. Шығармалар мен естеліктер. Алматы: Өнер, 1990. - 208 бет.
6. С.Негимов «Құдайберген Жұбанов және қазақ фольклоры» // Жұбанов тағылымы. Қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша өткен республикалық «Жұбанов тағылымы» конференцияларының материалдары. Ақтөбе, 1998.
7. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581бет.
8. Ә.Молдаханов. Жұбанов тағылымы // Жылдар. Ойлар. Ізденістер. (Әдеби зерттеулер, мақалалар, ғылыми ізденістер). Алматы: Дәуір, 2006. - 160 бет.
9. Қ.Жұбанов. Шығармалар мен естеліктер. Алматы: Өнер, 1990. - 208 бет.

ОБАЕВА.Г.С.

**ӘДЕБИЕТТЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ КІРІГУДІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ
ЖОЛДАРЫ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Фольклор мен әдебиеттің байланысы қазіргі әдебиеттану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі ғылымның ең басты міндеттерінің бірі әдебиеттің әр дәуірдегі фольклорға сүйенуінің өзіндік тарихи заңдылықтарының сырын ашу және қазақ әдебиетінің әр дәуіріндегі жазушылар фольклоризмінің нақты мазмұнын зерттеу болып табылады. Әдебиеттегі фольклорлық дәстүрді белгілі бір жазушының көркемдік әдістерінің жүйесі деп қана қарамай, сонымен қатар дүниетанымдық категория деп те қарау керек. Фольклорлық дәстүрлерге сүйену, сөз жоқ, жазушының өзіндік қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы бұл мәселені зерттеудің де бүгінде өзіндік бір жүйесі қалыптасып келе жатыр десе де болады. С.А.Қасқабасов, Р.Бердібай, Ә.Молдаханов, Б.Қанарбаева, Ж.Әскербекқызы, Қ.Байтанасова т.б. еңбектерінде жекелеген ақын-жазушылардың көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлердің қолданылу ерекшелігі зерттелу арқылы фольклордың жазба әдебиетке әсерінің түрлі формалары қарастырылды. Академик Қасқабасов қазақ әдебиеті мен фольклорының байланысын зерттей келіп, бұл процестің сонау ХХ ғасырдың бас кезінде дами

бастаған қазақ әдебиетінде әрқилы көрініс тапқанын айтады. Расымен де ғасыр басындағы қоғамдағы ұлы өзгерістер аясында әдебиет бұрынғы қасаң қалпында емес, жаңа тақырыптар, жаңа жанрларды талап еткені қажеттілік еді. Ескінің құлап, жаңаның орнап жатқан кезеңіндегі жаңалықтар, сөз жоқ, әдебиетте көрініс табуы керек еді. Сондықтан да ол, бір жағынан, жаңа көркемдік ізденістерге талпынса, екінші жағынан өзінің қайнар көзі боп табылатын фольклорға да арқа сүйеді. Онсыз болмайтын да еді. Алайда олардың өзара ықпалдасуындағы әр қилылық жалпы мәдениет дамуындағы заңдылықтар екендігі Д.Н.Медриштің «В каждой национальной культуре между фольклором и литературой устанавливается своя система отношения, в которой общие закономерности получают своеобразное развитие» /1.245./ деген пікірінде айтылады.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап фольклорға жаңаша көзқарастың қалыптасқаны жалған емес. Соның аясында көркем шығармаларда фольклорлық сарындар мен дәстүрлердің қолданылу дәрежесіне байланысты зертеулер легі қосылды. Әсіресе соңғы жылдардағы рухани және мәдени құндылықтарымызды қайта бағамдап жатқан кезеңдерде мұндай зерттеулердің бағасы тіпті арта түскендей.

Суреткерлердің фольклорды қолданудағы тәжірибесі әдеби процестің кейбір типологиялық ерекшеліктерін анықтауға да көмектеседі, әсіресе жазушылардың көркемдік шеберліктерінің тереңдігін анықтаудағы маңызы зор.

Қазіргі қазақ әдебиетінде жазушылар өз шығармаларының мазмұнына тұрмыстық сипат беру үшін фольклорлық мотивтерді жиі қолданады. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің қай-қайсысы болса да, ең алдымен, халқымыздың ұлттық тіл байлығының негізінде туып қалыптасты. Оның тақырыптары қазақ халқының тарихи және әлеуметтік өмірімен, тұрмыс-салты мен еңбек қатынастарымен тығыз байланысты. Оларда қазақ халқының сөз өнері саласындағы таланты шығармашылық жағынан қайта түледі. Фольклор мен әдебиетте көбіне өзара ұқсас поэтикалық және прозалық жанрлар туып, қалыптасып, дамып отырды. Сондықтан да фольклор мен әдебиет арасындағы байланыс, олардың өзара идеялық-көркемдік әсері әрі заңды, әрі табиғи құбылыс.

Алайда халық әдебиеті мұралары дәстүрлерін, оның көркемдік модельдері мен образдарын пайдалану үнемі әдейі процесс бола бермейтінін ескеруіміз керек. Көп жағдайда суреткер өз шығармасында белгілі бір фольклорлық үлгіні еркінен тыс, қанында бар генетикалық түйсік арқылы қолдануы мүмкін. Дәл осы тұста тағы да Қасқабасовтың қазақ әдебиеті мен фольклорының байланысын зерттей келіп, бұл байланыстың төрт типін көрсеткенін еске аламыз. Олар: генетикалық байланыс, қайшылықты байланыс (оппозиция), үйлесімді байланыс және кері байланыс. Осыларға жеке тоқтала келе: «Генетическая связь литературы и фольклором характерна для периода зарождения письменной литературы, когда она вырастает непосредственно из фольклора и обильно использует его жанры, сюжеты, образы и язык. ... При генетической связи больше бывает усвоения фольклорного... Генетическая связь литературы с фольклором особенно наглядно обнаруживается в жанре драматургии. ...Как показывает казахский материал в период генетической связи фольклор активно используется в основном поэзии и драматургией. Что касается прозы, то она в

начальную пору становления использует фольклор только как фон, придающий нужный колорит изображаемому. Проза, за исключением отдельных рассказов, никогда не основывается на фольклорных сюжетах, а лишь вкрапливает эти сюжеты в повествование. » /2.344-346/ деп, ғалым осы байланыстардың әрқайсысына анықтама береді. Жоғарыдағы пікірге сүйене отырып пайымдайтынымыз, қазақ әдебиетінің дамуы жүзеге аса бастаған жиырмасыншы ғасырдың басында, әсіресе әдебиеттегі осы байланыс ерекше орын алғанын көреміз. Тіпті XIX ғасырдағы жазба әдебиеттің басы болған Абай шығармашылығындағы поэмаларының өзі фольклорлық сюжетке негізделген еді. Ал жаңа ғасырда, жаңа қоғамдық құрылыстың аясында әдебиет пен фольклордың арасында болатын бұл байланыс ерекше қарқындағанын байқаймыз. Әсіресе, драматургия жанрында фольклорды игеру тіпті қолайлы болды. Халықтың жадында ғасырлар бойы сақталған эпостық туындыларды жаңа жанрда сөйлетіп, сол халықтың өзіне қайта жаңғыртып қайтарып беру әдебиетіміздің ең бір асыл міндеттерінің бірі болғанға ұқсайды. Сонау 1926 жылы алғаш рет қазақ драматургиясының түндігін ашқан М. Әуезовтің «Еңлік-Кебегінен» бастау алған бұл жанрдағы туындылар одан әрі де фольклордың өзіне тікелей жол тарту арқылы өрістеді. Ізінше «Айман-Шолпан», «Қобыланды», «Бекет батыр», «Қалқаман-Мамыр» пьесалары дүниеге келді. Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр», Сағыр Қамаловтың «Ер Тарғын», Әбділді Тәжібаевтың «Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез», Шахмет Құсайыновтың «Алдар Көсе», Әлжаппар Әбішевтің «Қамбар», Қапан Сатыбалдиннің «Аягөз ару», М.Ақынжановтың «Алтын сақа» сияқты пьесалары одан кейінгі кеңес әдебиетінің дәуірінде драматургияның келелі туындылары ретінде театр арқылы халық жүрегіне жол тартты. Осылардың барлығы да фольклорлық шығармалардың негізінде туған пьесалар еді. Ал осы топтан ерекше бөліп алып айтатынымыз, әрине, Ғабит Мүсірепов драмалары. Оның «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмалары фольклордан алып, реалистік шығарма жасау жолындағы тәжірибелері болатын.

Мүсірепов драмалары фольклор мен әдебиет байланысының генетикалық типіне жататын туындылар дедік. Ел жадында сақталған оқиғаны арқау етіп алып, оны тың өрісте, жаңаша сапада шешкен бұл туындылары жазушы шеберлігінің өрілген тұсы еді. Драмамен қатар прозада қаламын тең тербеген қаламгердің бұл жанрдағы шығармаларында да фольклорлық сарындардың сипаты өзгеше.

Жалпы прозада фольклорға келу өзгеше жүзеге асады. Ең алдымен, суреткер фольклорға сюжеттік бастама-негіз ретінде сүйенбейді, керісінше, олар фольклордың жарқын идеялары арқылы өздері суреттеп отырған құбылысқа өзіндік қатынастарын, көзқарастарын білдіреді. Сондықтан да қазіргі көркем шығармалардағы фольклоризм бір қарағанда байқала бермейді, өте тереңде жатады. Соның бір дәлелі – Ғ.Мүсірепов прозасы. Өзі де аса стилист, әрбір сөзін екшеп қолданатын жазушының шығармаларында фольклор емен-жарқын көріне қоймайды. Жазушының алғашқы «Тулаған толқында» әңгімесінен бір мысал келтірейік: «...Қалиша Шәйзаны өлді деп жүрді. Шашын жайып жоқтап жылап жүр. ...Ботасы өлген інгендей боздайды. Екі көзі парлап, ыстық жасты ағызада да тұрады.» /3.46/ Қалишаның жай-күйін беру үшін жазушы халыққа ертегіден етене таныс, ботасынан айрылған бозінгеннің

зары туралы сюжетті еске салады. Бір қарағанда байқала қоймағанмен, халық ортасында «Бозінген» ертегісінің терең орын алғанын білетін жазушы теңеу арқылы кейіпкерінің жан күйзелісін дөп суреттейді. «Ананың зары», «Бозінгеннің зары» деген екі ұғым халық жадында бір-бірімен астасып жатыр. Ал жазушының кесек туындысы «Оянған өлке» романында мынадай сурет беріледі: «Қаз-қатар шөктірілген Игіліктің түйелері ұзақ бір ертегіні бастап кетіп, аяқтай алмай жатқандай, ауыздарын кере-кере күйсеп, екі ауылдың арасында жатыр.» /4.26/ Ертегіден бастау алған көркем тарихымызға көз жіберсек, қазақтың ертегі айту дәстүрі үлкен бір өз алдына мектеп болғанына куә боламыз. Жоғарыдағы сурет сондай жанға жайлы, сондай таныс бейнедей көңіліңді жылы күйге бөлеп кеткендей риясыз езу тартқызады. Сондағы деталь – «ұзақ ертегіні бастап кетіп, аяқтай алмай жатқандай» болған кербез түйелердің әрекеті. Кішкене деталь үлкен ойға бастайды. Ертегі айту дәстүрі бар қазақтың ұлттық болмысын да жазушы бірге танытады. Осы дәстүрдің көрінісі жазушының «Автобиографиялық әңгімесінде» берілген: «Асау тай, тентек жиын, қызыл жон қырғын, батырлық, ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді»/3.297./ Осылайша суреткер ертегі сюжетін емес, соған қатысты орныққан орындаушылық дәстүрдің халық өміріндегі орнын да таныта кетеді. Міне, осы мысалдарға көз жіберсек тұтас бір фольклорлық дәстүр емес, белгілі бір сарындарды ғана байқаймыз. Яғни прозаның, соның ішінде Ғ.Мүсірепов прозасының бір ерекшелігі осында дер едік. Осы орайда А.Н.Веселовскийдің мына пікірі ойымызды тұғырлай түседі: «...старые образы, отголоски образов, вдруг возникают, когда на них явится народно-поэтический спрос, требование времени. Так повторяются народные легенды, так объясняется в литературе обновление некоторых сюжетов, тогда как другие видимо забыты.» /5.71/

Фольклор мен мифология, әдебиет арасындағы жан-жақты, түрлі байланыс тек қана сюжеттік кірігуге әсер етіп қоймайды, сонымен қатар белгілі бір мәтіннің жекелеген элементтерінің де кірігіп, туыстасып кетуіне де ықпал етеді. Мұндай фольклорлық «кірігудің» бірнеше түрін атауға болады. Олар: дәйектеме (цитата), аллюзия, реминисценция, перифраз.

Дәйектеме. Бұл терминге «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «баспасөз материалдарында, ғылыми еңбектерде, кітаптар мен түрлі қолжазбаларда, баяндамалар мен сөйлеген сөздерде келтірілетін, белгілі бір мәселе жөнінде айтылған немесе жазылған ой-тұжырымдардан сөзбе-сөз алынған үзінділер.» /6.124./ Дәйектемелерді творчестволық еңбек ішінде пайдаланған кезде, әрине, сол еңбекте айтылып жатқан оймен логикалық жағынан байланысып тұру керек екені заңды. Ал біздің жағдайымызда фольклорлық дәйектемелер деп қолданамыз, яғни фольклорлық жанрадағы шығармалардың сөзінің өзгертілмей дәл сол қалпында қолданылуы. Жалпы, дәйектеме не фабулалық, немесе фабуладан тыс деңгейде кірігеді. Мәселен, Мүсіреповтің «Ұлпан» романында «Сұлушаш» жыры, «Қалқажан» әні тек айтылып қана қоймайды, сонымен бірге оқиға фабуласының құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқарады. Еснейдің атқосшысы Кенжетай қамшысын екі бүктеп, домбыра етіп алып, «Сұлушаш» жырын айтады, ол туралы әңгімеші қызметіндегі автордың өзі баяндайды. Жазушы жырдан үзінді келтіре отырып, мазмұнынан да

хабардар етіп кетеді. Жырдың үзіндісі мен қысқаша фабулалық мазмұны кейіпкер арманына қарама-қарсы өмір шындығына жетелейді. Көп жағдайда ән-жыр сюжеттерін автор сол сәттегі кейіпкер басындағы хал-жағдайды, мінез-құлқын, көңіл-күйін суреттеу үшін қолданады. Мәселен,

«... Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай,
Тұман жоқ ер жігітке адасқандай.
Саласын Сартоғайдың мекен еткен
Бар екен Қантай атты бір асқан бай.
Сұлушаш Қантай байдың жалғыз қызы
Сипаты хор қызымен таласқандай...»

Әрі қарай жырдың мазмұнын қысқаша баяндап, былайша жалғастырады:

Қайтады күз болғанда қараша қаз,
Айттырған Сұлушашты сұр қасқа таз.
Қайғысы қара нарға жүк болғандай,
Мал алған қызын сатып әкесі мәз!

Осы тұста Артықбай батыр өз басындағы қайғысынан хабар бергендей болып: Қыз баланы қор қылатын мал ғой, - деді. Ауыр күрсініп қалды.» /7.40./ «Ұлпан» романынан алынған осы үзіндідегі жыр мәтіні сол күйінде алынады да, жырдың мазмұнындағы қыз тағдыры Ұлпан тағдырымен орайлас келіп шығарма фабуласының тініне шебер кірігіп тұр.

Кейде автордың дәстүрлі фольклорлық қолданыстан сәл ауытқитын кезі де болады. Жалпы, әдебиет туындыларында қандай да бір музыкалық шығармалардың аты ғана аталып кететін кездері де көп кездеседі, Мүсіреповте де солай. «Тулаған толқында» әңгімесінде лирикалық ән айту суреті бар. Бірақ мұнда әннің мәтіні айтылмайды, әннің аты ғана аталады. «... Кейбіреулер мұңайып кетіп жатыр, кейбіреулер масайрап кетіп жатыр... Кісі саябырлап, кеңес ыдырағанда өлең айтылды. Ән...домбыра...«Н...жанға», «Жәмила», «Қаламқас», «Ер түрік ежелден»...» /3.24/ Халық әнінің үзіндісі немесе ол туралы айтылған әңгіме бір жағынан авторлық баяндаудың өзгеше бір түрі іспетті. Яғни автор сөздің ретінде айтып кеткендей болғанмен, өзі сүйеніп отырған негізді көрсетіп отырғандай немесе өзінің фольклорлық дәстүрден тыс қалмағанын байқатқандай болады.

Реминисценция (латыншадан аударғанда еске алу). «Көркем тексте, көбінесе өлеңде кездесетін басқа бір шығарманы еске түсіретін нышан. Р., - негізінен, автордың еркінен тыс болатын жайт. Яғни, автор әдейілеп қайталамайды, поэтикалық зерде түбіне шөккен әлдебір таныс-бейтаныс сурет, ырғақ танысы, ұйқас үйлесімі шығармашылық процесс үстінде сана түкпірінен бедерленіп шығып, жаңа туынды құрылымынан орын тебеді.»/6.282/ Реминисценцияның үлгісі алдыңғы келтірілген мысалда көрініс тапқан. Тағы бір мысал жазушының «Оянған өлке» романынан: «Есікті ақырын ашып Батыраш кірді. Омар мен Батыраш, Ыбырай мен Жұмабектер Игіліктің не істеп отырғанын көрмеуге, ұғынбауға тиіс еді. Әсіресе, ауыздарына берік болуға тиісті, Ескендірдің екі мүйізі барын айтқан адамның басы алынатынын бұлар да естіген. Сондықтан Батыраш есепшотқа қараған жоқ, Игіліктің көзіне қарауға да бата алмады. ...» /4.106./ Қазақ арасына кең тараған шығыстық сюжеттердің бірі – Ескендір туралы аңыздар. Сол сюжеттің ізі Мүсіреповте де бар. Мәселен, келтірілген үзіндіде Ескендір туралы аңыздық мотив шығарманың мазмұндық қажетіне орай ойды бекіту үшін

қолданылған, яғни сол сюжеттің халық жадында сақталған мазмұнының әсер-ықпалы зор екендігін кейіпкерлердің ойы арқылы танытады. Ескендір туралы сюжеттер профессор С.А.Қасқабасовтың еңбегінде жан-жақты қарастырылған. («Абай және фольклор») Міне, осы сияқты реминисценциялық кірігудің түрлерін жазушы прозасынан көптеп келтіруге болады.

Перифраз да жаңа афоризмдер құрастыруға көмектесетін ауыстыру тәсілдерінің бір түрі. Фольклорлық мәтін элементтерінің әдеби контексте енуі әдетте шығарманың халықтық бояуын қанықтыра түсіп, халыққа жетімділігінің кепілі де болады.

Фольклорлық кірігудің осы түрлері жазушы шығармаларында мақал-мәтелдерді пайдалануда анық көрінеді.

Мүсірепов шығармаларындағы фольклор – жазушының көркемдік әлемінің тұтас бір жүйесі. Оның туындылары – автордың жеке өзінің фольклорлық теориясының өзіндік тәжірибесі іспетті. Ол үшін Мүсіреповтің көркемдік әлемінің тереңіне бойлап, оның тілінің «сыйқырына», яғни тілдік стихиясына дендеп ену керек. Жазушы шығармашылығын зерттеген Н.Ғабдуллин, М.Бекбергенов, Ж.Смағұлов, С.Жұмабеков, Х.Әдібаев т.б. зерттеушілер өз зерттеулерінде жазушы фольклоризмін оның дүниетанымының құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырып, өз зерттеу объектілерінің мақсат-міндеті тұрғысынан атап кетеді.

Сонымен, фольклор мен әдебиеттің байланысы тек жай ғана байланыс емес, сонымен бірге бұл екі көркемдік жүйенің өте ертеден-ақ өмір сүріп келе жатқандығының куәсі. Әдебиет фольклордың тәжірибесін түрлі салада қолданатынына, әдебиет пен фольклор байланысының әр түрлі әдістермен жүзеге асатынына көз жеткіздік.

Әдебиеттегі фольклорлық дәстүрлер, белгілі бір жазушының шығармашылығындағы фольклоризмді анықтау мәселесі - бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Медриш Д.Н. Литература и фольклорная традиция. – Саратов. 1980.
2. Қасқабасов.С.А. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора.
// Кітапта: Елзерде. – Алматы: «Жібек жолы», -2008.
- 3.Мүсірепов. Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1980. Т.1.
Әңгімелер.Аудармалар.
4. Мүсірепов.Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы,1980. Т.2.
Оянған өлке:
Роман. Көркем очерктер. 592 бет.
5. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград.1940.
6. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы:
Ана тілі, 1998. – 384 бет)
7. Мүсірепов.Ғ. Ұлпан. - А: Жазушы, - 1975. 280бет.

ЖАНУЗАКОВА Ж.А.

ТІЛ БІЛІМІ НЕМЕСЕ ЛИНГВИСТИКА

Тіл білімі немесе лингвистика-тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Лингвистика-француз тілінің *linguistique* (латынша *lingua*-«тіл») сөзі бойынша жасалған термин: тіл туралы ғылым дегенді білдіреді.

Тіл-қарым-қатынас құралы. Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асады, сөйлеу арқылы ғана дамып, өмір сүреді. Біз шет тілін оқыту туралы айтқанда, оны ең алдымен қатынас құралы ретінде оқимыз. Сөйлеудің негізгі мағынасы адамның әлеммен қарым-қатынасы адам санасында көрініс табатын ой. Сөйлеудің негізгі объектісі адамның шыншыл өмірімен байланысты. Биляев ойынша шет тілін игеру яғни басқа тәсілдермен және жолдармен санадағы ойды шығару. Сөйлеуді адамдар бірдеңені айту қажеттілігі туған кезде қолданады.

Тіл-қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады. Адам өмірінің барлық мазмұны тілде көрініс табады. Қоршаған орта туралы ой-түсінік, шындық өмірдегі категориялар мен байланыстар т.т. ойлау арқылы қорытылып және талданып тілде бейнеленген немесе ұлттық тілдік санамен қабылданған. Адам белгілі бір оқиға және деректер туралы немесе оларға қатысын, сезімі мен талап-тілегін тіл арқылы жеткізеді, сөйлеу арқылы ұғым, ой мен ой қорыту қалыптастырады. Адамдар сөйлеу арқылы бірін-бірі іс-әрекетке шақырады, яғни коммуникативтік қарым-қатынасқа түседі.

Дүние жүзі тарихына үңілсек, көптеген халықтар Академияларындағы ғылым атаулы тілді зерттеуден бастаған.

Тілдің тіл саясатының биік ұғымы, барлық мәні оның қолдануында. Тіл мәдениетінің деңгейі, оның зерттелуі әрі қоғамдық қызметі арқылы көрінеді.

Тіл тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығатын құралы. Адамның ойы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, белгілі бола алады. Ой мен оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Демек ойлау мен тіл бір-біріне тығыз байланысты.

Лингвистикада тіл- ойлау ара қатынасына байланысты ғылыми тұжырымдардың маңызы зор. Бұл мәселе тіл ғылымы дамуының әрбір дәуірінде жаңғырып, жаңаша көзқарастар мен идеялар нысанына айналуға. Тіл-ойлау қарым-қатынасы тарихындағы бірнеше лингвистикалық бағыттарды атауға болады:

- 1) тіл біліміндегі логикалық бағыт бойынша тілдің қалыптасуы мен дамуындағы ойдың қызметіне ерекше мән беріледі.
- 2) тіл біліміндегі натуралистік бағыт- тілді табиғи организмнің дыбыстық материясынан жасалынған деп түсіндіретін «тұрпайы материализм».
- 3) тіл біліміндегі структуралистік бағыт тілдің ойдан дербестігін, ойлауға кері әсер етудегі қызметін жоғары қояды. Тілді иманентті мән ретінде таныта отырып, оны ойлауға ғана емес, шындыққа, объектіге қатыстылығы тұрғысынан зерттеуді ұсынады.

4) тіл біліміндегі психологиялық бағыт тіл мен ойлаудың байланысын, бірлігін, тілдің логикалық құрылымының грамматикалық құрылымға әсерін жоққа шығарады.

Аталған бағыттардың қай-қайсысы да тіл мен ойлаудың бірлігіне байланысты бір мәселе төңірегінде ойлануды ұсынады. Ойлау жалпы адам баласына ортақ.

Тіл мен ойлаудың ара қатынасына байланысты мәселе тек лингвистикаға ғана емес, жалпы таным теориясына қатысты мәселе болып табылады. Ғылым саласындағы қарым-қатынастың неғұрлым өзіндік үлгілерін анықтауда қарым-қатынас тақырыбы, тілдік құралдардың жұмсалу тәртібі, әлеуметтік ұстаным т.б. факторлар ерекше орын алады. «Тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық».

Тіл байлығы - сөз байлығы. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі - тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Ауыз екі тіл арқылы қатынас жасағанда да, жазба тіл арқылы қатынас жасағанда да, белгілі бір мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге сол мазмұнға өзінің қатынасын, өз ойын, пікірін білдіреді.

Тіл ойды білдірудің құралы ғана емес, сонымен бірге сезімді де білдіретін құрал ретінде қызмет атқарады. Айтайын дегенінді дәлме-дәл, ашық, айқын және әсерлі түрде жеткізіп беру әрқашан оңай бола бермейді. Ол үшін тілді, әсіресе оның байлығын, көркемділігін мен үнділігін, сан сырлы мағынасы мен өткірлігін, эмоциональды бояуы мен экспрессивті қызметін жан-жақты меңгеру, көптен-көп жаттыға білу қажет.

Сөз әдебі, әдетте, ауызша сөйлеу тілі мәдениетімен тұтастықта танылатындықтан, адамның айналасындағылармен табыса білуінің құпиясы қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және іскерлік секілді түрлерімен сабақтастығы сараланады.

Тіл- адамзаттың дүниені сапалық меңгерудегі тарихи жолы қатталған дыбыстық кітабы. Адамзаттың дүниені тану жолындағы түрлі ізденістері, белгілі бір ұлттың, халықтың табиғатына тән ерекшелігі, қоғамдық даму сатысы, тарихи тағдыры мен іс-тәжірибесі тілден көрініс табады.

Лингвофилософтардың ұстанған барлық позициясы бойынша барлық тілдер, тіпті мейлінше алшақ тілдердің өзі де, адам баласының тілдік қабілеті арқылы бір-біріне жақындасады. Бұл қабілет тілдерді зерттеудің өзегі болып саналады және тілді зерттеудің барлық операцияларын анықтап, бағыт береді. Яғни тілдің адамзатқа ерекше қабілет ретінде берілуінің ортақ қисыны бар. Сондықтан да тілдік қабілет барлық адамдар үшін ортақ құбылыс деп түсінілуі қажет.

Лингвистикалық қатысымдылық проблемасын оңашаланған тілдік құбылыстар арқылы (жалпы тілдік жүйеден тыс) қарастыру екі түрлі принципті қателікке ұрындырады.

1) Тілдік формаларды таным жүйесімен емес, тікелей материалдық дүниемен қарым- қатынаста қарастыру.

2) Аталған формаларды тілдің күрделі механизмнен тыс, яғни лексикалық, грамматикалық өзара байланыстар мен компенсациялардан бөлек қарастыру. Адам тілдің өкімімен ойламайды, өз ойын тіл арқылы ортаға салады. Тілдің материалдық болмысы туралы көзқарас, әсіресе, кеңестік кезеңдегі лингвистикалық, философиялық әдебиеттерде кең өріс алды.

Таным процесі- бұл ойдың қызметі, ол өмірлік тәжірибе негізінде құрылған ішкі санадағы әлем моделіне бағытталады. Тіл қарым- қатынас барысында осы модельді объективтендіреді, оны қарым-қатынастың негізгі құралына айналдырады. Мазмұнның мағыналық жағы ойлау актісінің нәтижесі ретінде пайда болады, сол арқылы адам қандай да бір затты өзінің ішкі моделімен байланыстырады, ал ол тіл арқылы өзге адамдардың ішкі модельдерімен байланыстырады.

Тіл тек таным құралы, заттар мен құбылыстар әлемін, идеялар әлемін жаңғыртушы ғана емес, ол ойды жалғастыру (ұрпақтан ұрпаққа), сезімді жеткізу қызметтерін атқара отырып, адамны, сезімдік, тілдік ойлау қызметін де қамтамасыз етеді.

Тіл мен ойлау ара қатынасында ең іргелі мәселелердің бірі тіл мен сөйлеу оппозициясы туралы теория болып табылады. Тіл- сөйлеу қызметінің ең маңызды құрамдас бөлігі. Ол коммуникативтік мақсатқа қол жеткізудегі сөйлеу аппаратын қолдану қызметін ұйымдастырады және тәртіпке келтіреді. Сондай-ақ ұлы лингвистің пікірінше, тіл- әлеуметтік нәтиже. Себебі ол ұжымда қалыптасып, ұжым мүшесінің әрбіріне байланысты болады. Тілдің сөзден айырмашылығы оның жүйелілігінде. Ол мағыналық жүйе құрайды. Тіл мен сөйлеуді ажырату арқылы мына ұғымдар ажыратылады: 1) әлеуметтік- жеке даралылықтан; 2) табиғи- кездейсоқтықтан.

Тіл дайын ойды беру үшін емес, оны жасау үшін, ол дүниеге қалыптасқан көзқарасты көшірмелемейді, оны таныту құралы қызметін атқарады.

Тіл өз кезегінде ойлаудың көшірмесі ретінде қызмет етеді. Егер ойлаудың субстанциясы- ми болса, абстрактілі ойлау формасының субстанциясы-дыбыстық тіл.

Тіл- қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы, қоғамның дамуына байланысты. Осыдан тілді және оның даму заңдарын қарастыру міндеті келіп туады. Тілдің даму қарқыны туралы мәселе де маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Тіл өзіне тән ерекшелігі бар, айрықша қоғамдық құбылыс болғандықтан және оның дамуының өзіне тән ішкі заңдары болғандықтан, оның заңын объективті заң ретінде қарап, осы тұрғыдан зерттеу қажет.

Тіл- лингвистикалық элементтердің, мысалы, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық элементтердің жай ғана жиынтығы емес, олардың өзара бір- бірімен заңды түрде нық байланысқан және әрдайым тығыз қарым-қатынаста болатын жүйесі. Сондықтан да тілді белгілі бір құрылысы бар, жүйелі құбылыс деп қараймыз. Тілдің тұрақтылық қасиеті басым. Дегенмен, ол уақыт өткен сайын өзгеріске ұшырайды, дамып жетіле береді. -

Тілмен танысу, оны үйрену я үйрету атаулының барлығы да алдымен оның дыбыстық құрамын, дыбыстың түрлерін, қалай айтылып, қалай таңбаланатынын айқындаудан басталатыны белгілі.

Тіл адам қоғамында өмір сүріп, оның “қажетін” жүзеге асыратын құрал болғандықтан, тіл білімінің әлеуметтік лингвистика деп аталатын саласының атқарар қызметі де, ғылыми маңызы да ерекше. XIX-XX ғғ. бастап, лингвистикалық бағыттар мен мектептердің бірі ретінде негізі қаланған бұл саланың бүгінде өз нысаны, мақсат-міндеті, заңдылықтары қалыптасып орныққан.

Әлеуметтік лингвистика тілдің қоғамдық сипатын, стильдік саралануын, әлеуметтік ерекшелігін, қоғамдағы қостілділік, көптілділік мәселелерін, тілдік жағдай, тілдік саясат ұғымдарын және т.б. айқындауға мүмкіндік береді, анығырақ айтқанда, тілші Э.Д.Сүлейменова “Әлеуметтік лингвистика- тілдің қоғамдық қызметтерін, әлеуметтік шартталған белгілері мен заңдылықтарын кешенді түрде зерттейтін қазіргі тіл ғылымының маңызды бағыттарының бірі. Ол тілаларлық байланыс жағдайындағы кез келген тілдің өмір сүру формасына, қоғамдық қызметінің ауқымы мен сипатына қатысты айқындалатын тілдердің қызмет ету ерекшеліктерін қарастырады”, - деп анықтама береді.

Тілдің қоғамдағы орны оның қатысымдық деңгейімен, нормалану дәрежесімен, құқықтық мәртебесімен, конфессиялық ерекшелігімен, оқытылу, меңгерілу сипаттарымен өлшенеді.

”Мыңдаған жыл өмір сүрген адам баласының дүние тануына үнемі қызмет еткен тіл, тек қарым-қатынастың құралы ғана емес, ол дамудың да және күрестің де құралы болуымен қатар, грамматика сияқты адам баласына зор қызмет істейтін өте маңызды ғылымды тудырды. Бұл ғылым адам баласының ұзақ өміріндегі тұрмыс үшін күрес жолында жасаған тәжірибелерін, ойлауының ұзақ уақыт абстракциялануы арқасында топшыланған жетістіктерін қорытқан да білім болып отыр”.

Демек, тілдің әлеуметтік деңгейін анықтау, оның қоғамдық танымын саралау және қоғамдық сананы қалыптастырудағы атқарар қызметін талдап көрсету, бір жағынан, қарым-қатынас күштілігі деп түсіндірілсе, екіншіден,

зерделеу арқылы өзектелген бұл сала қоғамдық коллективтің тапқан, жасаған нәрсесі деп ұғынылады, яғни әлеуметтік таным тілдік құралдардың жасалу, қалыптасу, даму заңдылықтарымен тығыз байланысты болады.

Тіл болмысын, оның қызметін адамзат атаулының тұрмыс-тіршілігімен, таным-қабылдауымен, пайым-түсінігімен байланыстыра алғашқыда пәлсапа мәселелерінің тілдік тұжырымдарға етене арласуымен өзгешеленсе, одан кейінгі кезекте мұнда ғылымдардың ара-жігін ашуға ұмтылу, тілдің құрылымдық жүйесін сұрыптау, ал экстра факторларды екінші кезекке қалдыру әрекеттері көбірек байқалды, сол себепті аталмыш зерттеулерде танымдық ұстанымдардың деңгей-дәрежесі де бір қалыпты дамыған жоқ.

Дегенмен, «Адамзат баласы қашанда өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың мәнін, сыр-сипатын жете білуге тырысқан.

«Тілдің кез келген тарихи кезеңінде оның әр бөлшегі динамикалық тепе-теңдікте бола тұра, өз бойында лингвистикалық, әлеуметтік, психологиялық және өзге де факторлардың ықпалын сезінеді. Олардың басым көпшілігінің құпиясы әлі толық ашылмаған» делінгендей, қазақ тілтаным ғылымының дүниеге келуі мен теориялық сараптамадан өтуін

дәйектейтін фактілер қатарында, біріншіден, жалпы тіл ғылымының даму негіздерін; екіншіден, жеке тілдік ізденістердің жүзеге асу жолдарын атаған орынды, өйткені ішкі сезім мен білімнің, тану мен қабылдаудың, біліктілік пен әлемдік тәжірибенің тоғысуынан құралған бұл тұжырымдар әрі субъективті, әрі объективті ұстанымдарға сүйене қалыптасып отырды.

«Қоғамсыз тіл болмайды, тілі жоқ қоғам – адамзаттың ешбір қауымы болмайды. Демек, қоғам үшін тіл керек; тілдің өмір сүруі үшін оның қоғамы болу керек. Бұл – ақиқат та тарихи шындық», яғни қоғамдық құрылыстың құрамды бөліктері тілтанымның универсалды әлеуметтік негіздерін анықтау үшін, ал тіл мен танымның ұғымдық бірліктері қоғамның даму сипатын айғақтау үшін аса қажет.

Қорыта келе, жалпы, тіл білімі тілдің мәні мен қызметін, оның ойлаумен ара қатынасын, байланысын, адам баласы тілінің пайда болуын қарастырады, тілдің даму заңдарын айқындайды, тілді зерттеудің методтарын белгілейді, дүние жүзіндегі тілдерге олардың грамматикалық құрылысына қарай, шығу тегінің бірлігі мен туыстастық дәрежесіне қарай классификация жасайды.

Тіл –халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен өшпес мұрасы. Тілдің баурап алатын күші ерлікке, Отанды сүйуге, адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелейді. Тіл мәдениетіне тәрбиелеу сөз мәдениеті негіздері туралы және тіл туралы жан-жақты ұғым беруден басталады.

Әдебиеттер:

1. Кунапиянова А. Д., Аубакирова Л. Р. Тіл мәдениетінің өлшемдері
2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті / Н. Уәлиев.-Алматы,1984
4. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы.-Астана: Елорда,2001.
6. Аханов К. Тіл білімі. Алматы Санат -1993
7. Шүкірұлы С. Мемлекеттік тіл мұраттары. Алматы: Ғылым, 2002.
8. Когнитивтік лингвистика Б.И. Нұрдәулетова Алматы-2011
9. Қолданбалы лингвистика А.Қ. Жұбанов Алматы, «Қазақ Университеті»-2006

**ТЕХНИКА ҒЫЛЫМАРЫ
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

ИСАКУЛОВ Б.Р.

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ СВОЙСТВ
ШЛАКОЩЕЛОЧНЫХ ВЯЖУЩИХ НА ОСНОВЕ ОТХОДОВ
ПРОМЫШЛЕННОСТИ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА**

Для установления возможности создания шлакощелочных вяжущих на основе золы-уноса нами рассматривались основные физико-химические процесс взаимодействия, и фазовый состав образующихся при этом продуктов.

Основываясь на результатах проведенных исследований о том, что активность и скорость набора прочности в безобжиговых щелочных композициях поддаются регулированию за счет изменения основности алюмосиликатного и щелочного компонента, а также за счет введения добавок.

Для изучения композиции на основе золы-уноса Актюбинской ТЭЦ экспериментальные работы проводилось в 28 суточном возрасте после тепловлажностной обработки.

Нами установлено, что композиции на основе золы-уноса обладают вяжущими свойствами, а фазовый состав продуктов твердения определяет характер этих свойств. В дальнейшем проведено изучение новообразований, возникающих при гидратации разработанного вяжущего в присутствии высокоосновной добавки.

Экспериментальные данные, полученные в результате изучения комплексными методами физико – химических исследований продуктов, взаимодействия вяжущих композиций на основе высококальциевой золы – уноса показали, что их фазовый состав определяется видом щелочного компонента и добавки.

При изучении влияния плотности щелочного компонента на прочность камня вяжущего использовали жидкое стекло с разными силикатными модулями (Мс).

По данным исследования ряда авторов [1, 2, 5], вяжущие композиции на основе золы – уноса и щелочных компонентов, таких как Na_2SO_4 и Na_2CO_3 не твердеют в нормальных условиях и при пропаривании. Это также подтверждено и нашими исследованиями.

Показано (рис. 1), что при сжатии камня вяжущего, при затворении золы – уноса с силикатным щелочным компонентом, раствор зависит от плотности и силикатного модуля последних. Увеличение плотности раствора щелочного компонента и соответственно концентрация его повышается и это приводит к увеличению прочности камня вяжущего. При плотности раствора щелочного компонента 1100 кг/см^3 прочность камня вяжущего составляет 16.5, 26.7 и 23.0 Мпа, соответственно для растворов силиката натрия с Мс – 3,2 и 1. Увеличение плотности раствора

щелочного компонента с 1100 до 1300 кг/см³ привело к повышению прочности камня вяжущего в 1,7 – 2 раза и соответственно в зависимости от модуля стекла составила 30,5; 46,9; 46,1 Мпа. При снижении силикатного модуля жидкого стекла до 2 прирост прочности составляет до 1,5 раз, чем при аналогичных плотностях раствора. Но при снижении M_c до 1 прирост прочности по сравнению с составами на дисиликате натрия не наблюдается.

Необходимо отметить, что вышеуказанные составы вяжущего являются быстросхватывающимися. На высокомодульном жидком стекле схватывание происходит мгновенно, т.е. его трудно определить. Необходимо также отметить, что во всех случаях щелочерастворозольное отношение, составило – 0,38.




Рис. 1 Влияние плотности раствора щелочного компонента на прочность

Полученные данные влияют на физико – механические характеристики вяжущего. Силикатный модуль жидких стекол и плотность растворов на их основе показывают, что по мере понижения M_c до 1, сроки схватывания несколько растягиваются.

На наш взгляд, это вызвано большой устойчивостью жидких стекол с более низким силикатным модулем, обладающим более высоким зарядом на поверхности частиц против коагулирующего воздействия ионов Са золы. Кроме того, с уменьшением M_c стекл концентрация SiO анионов снижается.

Таким образом, анализируя результаты вышеприведенных исследований, можно сделать предварительный вывод о большей предпочтительности щелочных систем на основе силикатных щелочных солей, обладающих более высокими потенциальными возможностями перед несиликатными щелочными солями типа Na₂SO₄ и Na₂CO₃. С целью регулирования сроками схватывания вяжущих композиций нами использовался красный каустик, содержащий до 14% NaOH. Красный каустик добавляли в жидкое стекло в виде водного раствора с плотностью 150 и 1300 кг/м.

Установлена тенденция (рис. 2) увеличения сроков схватывания вяжущего по мере повышения содержания красного каустика в объеме щелочного компонента. При затворении золы водным раствором красного каустика начало схватывания наступает через 3 ч, а конец через 9 ч.

Приведенные наши результаты подтверждают и согласуются с данными исследования [3, 4], что безобжиговые щелочные вяжущие на основе золы – уноса имеют короткие сроки схватывания на всех видах заполнителей, кроме NaOH.

Необходимо также отметить, что применение красного каустика в составе щелочного компонента хотя и позволило определить эффект по регулированию сроков схватывания, но положительных результатов на изменение прочности при сжатии камня вяжущего не дало. С повышением концентрации красного каустика в щелочном компоненте прочность понижается (рис. 2).

На наш взгляд, это объясняется с тем, что красный каустик кроме NaOH имеет много различных примесей, препятствующих протеканию вяжущего. Известно, что управлять процессами структурообразованиями шлакощелочных вяжущих можно путем выбора щелочного компонента с регулируемой скоростью диссоциации, зависящей от его природы.

Управлять процессами структурообразованиями шлакощелочных вяжущих систем можно путем выбора щелочного компонента с регулируемой скоростью диссоциации, зависящей от его температурных условий, pH дисперсной среды. Исследованиями также показано, что введение в состав шлакощелочных вяжущих систем на основе шлаков с $1 < M_0 < 1$ низкомолекулярного жидкого стекла, солей Na_2SO_4 , NaCl способствует повышению скорости набора прочности в ранние сроки твердения и конечную активность.




Рис.2. Влияние соотношения красного каустика на прочность и сроки схватывание вяжущего

Основываясь на этом, нами использована содосульфатная смесь, которая применялась в виде водного раствора с плотностью

1200 кг/м³, которую добавляли в жидкое стекло с Мс – 3. Содосульфатную смесь на прочность вяжущего камня рассматривали также в вяжущей системе на основе электротермофосфорного шлака. Введение в качестве добавки содосульфатной смеси, видимо, в силу своего химического состава значительно углубляет гидратацию шлакового стекла, а также способствует образованию волокнистых гидросульфатоалюминатов кальция, выполняющих роль дополнительной арматуры и уплотняющих структуру цементного камня. Наряду с тепловлажностной обработкой образцы параллельно подвергались тепловой обработке. Во избежание интенсивного испарения влаги формы с образцами плотно закрывались.

Результаты показали, что при тепловой обработке, когда в состав компонента вводили содосульфатную смесь, предел прочности образцов на сжатие на 7 – 22% выше, чем у образцов, подвергнутых тепловлажностной обработке. С увеличением количества содосульфатной смеси в составе щелочного компонента до 75% по объему приводит к повышению прочности камня вяжущего.

Так, прочность камня вяжущего чисто на жидком стекле составляет 31,1 и 38,3 Мпа соответственно для образцов, подвергнутых тепловлажностной обработке и тепловой обработке. Прочность образцов, содосульфатной смесью 75% соответственно составила 44,5 и 47,5 Мпа. Но дальнейшее увеличение количества содосульфатной смеси приводит к резкому снижению прочности. Содосульфатная смесь также положительно влияет на сроки схватывания вяжущего. При оптимальном соотношении содосульфатной смеси к жидкому стеклу (75:25) сроки схватывания удлиняются почти в 7 раз по сравнению с контрольным.

Таким образом, установлено, что применение содосульфатной смеси в шлакощелочных вяжущих, на основе электротермофосфорного шлака, приводит к увеличению прочности до 45%. Кроме того, введение содосульфатной смеси в состав вяжущего приводит к значительному снижению стоимости вяжущего за счет экономии дефицитного промышленного жидкого стекла.



Литература:

1. Бисенов К. А., Касимов И. К., Тулаганов А. А., Удербаетов С. С. Легкие бетоны на основе безобжиговых цементов: Монография. Алма-Ата., 2005.
2. Глуховский ВД. Грунтосиликаты, их свойства, технология изготовления и области применения: Автореф. Дис. ... докт. Тех. Наук. Киев, 1965. 41 с.
3. Касимов И.К., Тулаганов А.А., Камбаров Х.Х., Косимов О.Б. Состав, свойства и технология шлакощелочного арболита на основе сельскохозяйственных отходов// Шлакощелочные цементы, бетоны и конструкции. Тез. Докл. 3-й Всесоюз. Науч.-но-практ. Конф. В 2-х т. Киев: КИСИ, 1989. Т. 2. С. 152-153.
4. Крылов Б.А., Ли А.И. О воздействии электрического тока на твердение бетонов // Бетон и железобетон. 1992. №2. С. 7-9.
5. Христофоров А.И. Нанокерамика: Учебное пособие. Владимир: (ВлГУ). 2007-115 с.

ИСАКУЛОВ Б.Р.


ВЗАИМНАЯ НЕЙТРАЛИЗАЦИЯ ТОКСИЧНЫХ ПРОМЫШЛЕННЫХ ОТХОДОВ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ ЛЕГКИХ БЕТОНОВ

Вязущими компонентами в выбранных нами легких бетонах является сера, цемент, магнезиальное вяжущее и, частично, компоненты хромсодержащего шлама [1-13]. Пиритный огарок ($\text{FeO} \cdot \text{Fe}_2\text{O}_3$) и сера восстанавливают токсичные соединения хрома (VI) CrO_3 в неопасный оксид трехвалентного хрома Cr_2O_3 :



Положительное значение э.д.с. реакций (E) свидетельствует о возможности протекания реакции в данном направлении, при обычной температуре (298°K).

Практически неограниченным источником оксида и оксихлорида магния являются серпетиниты – вмещающая порода Актюбинских хромитовых руд, из отходов которых соединения магния получают по следующей схеме [1]:



Отходы природной целлюлозы, после мерсеризации [4,13] могут эффективно и необратимо, путем адсорбции, очищать воду от соединений хрома (III;VI), бора, ряда токсичных тяжелых металлов.

Весьма ценным с экологической, экономической и технологической точек зрения является утилизация и использование целлюлозных сорбентов после отработки их ресурса, в качестве компонентов сырьевых смесей для получения легких бетонов (арболитов), обладающих рядом положительных свойств: легкостью, нетоксичностью, малой звуко – и теплопроводностью и дешевизной при достаточной прочности.

К арболитам относятся разновидности легких бетонов, состоящие из минерального вяжущего вещества и органического заполнителя в виде древесных и растительных отходов (дробленая древесина, тростник камыша, стебли хлопчатника, рисовая солома, косточки ореха и т.п. в дробленном виде).

Компоненты исходного неорганического сырья при механохимическом измельчении в шаровой мельнице реагируют друг с другом.

Для того, чтобы в системах из кристаллических или некристаллических твердых тел могли протекать химические реакции, необходимо, чтобы атомы в этих твердых телах могли перемещаться.

Если атомы переходят из нормальных узлов решетки в междоузлия, то они далее легко перемещаются по кристаллу из одного междоузлия в другое. Один из вариантов последнего механизма является так называемый “эстафетный” механизм, при котором атом, находившийся в междоузлии, переходит в нормальный узел, выталкивая ранее находившийся там атом в новые междоузлия. Этот тип перемещения атомов может наблюдаться тогда, когда прямое перемещение атома из

одного междоузлия в другое энергетически не выгодно. Возможны также перемещения “дырок” и дефектов самой решетки.

Модификации серных композиций приводят как к усложнению процесса приготовления, так и к удорожанию составов, т.е, применение модифицирующих добавок должно быть обосновано и с экономической, и с технической точки зрения. Электротермофосфорные шлаки, представляющие экологическую опасность, бугут исследованы не только в качестве наполнителя и заполнителей серного бетона, но и как антипирены.

Обладая целым рядом положительных свойств, строительные материалы и изделия на основе серы и серосодержащих отходах могут в ближайшие годы получить широкое практическое применение, а учет их особенностей позволит установить наиболее рациональные области их использования в строительстве Казахстана. Таким образом, одним из основных направлений применения в строительной индустрии является производство полимерсерных бетонов /3-5/.

Литературы:

1. Проблемы развития технологии бетона в XXI веке. Risultati del congresso – sostenibile nel XXI secolo / Sakai K., Gjorv O.E // Ind ital. cem., 1999. - 69, №6.- С. 508-517.

2. Орловский Ю.И., Дулеба М.Т., Ивашкевич Б.П. Повышение огнестойкости конструкций и изделий из бетона с добавкой серы // Пути повышения огнестойкости строительных материалов и конструкций: Материалы семинара. - М. - 1982. - С. 116-118.
3. Никитин А.Е. Серные бетоны на основе серосодержащих отходов промышленного производства // Автореф. дис. канд. - М., 1989. - 23 с.
4. Орловский Ю.И. Полимерсерные бетоны // Применение серы и серосодержащих отходов в строительной индустрии. - Тез. докл. I Всес. конф. - Львов, 1990. - С. 3-5.
5. Михайлов К.В., Патуроев В.В., Крайс Р. Полимербетоны и конструкции на их основе. - М.: Стройиздат, 1989. - 304 с.

**ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

КЕЛБЕТОВА Ж.С.

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ТЕМІР АУДАНЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ
ДАМУ ТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Шағын және орта бизнестің дамуы – қоғамдағы әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың негізгі факторы және белгілі бір дәрежеде жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізі болып табылады.

Болашақта кәсіпкерлікті дамыту үлгісін жасау Темір ауданының өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, шағын кәсіпкерлікті дамытудың макро және микроэкономикалық деректері мен болжамдарына негізделді.

Экстраполяциялық болжам әдісі арқылы жүргізілген зерттеу жобасының нәтижесінде болашақта Темір ауданында кәсіпкерлікті дамытудың математикалық болжамдық үлгісі жасалды. Болжам шағын кәсіпкерлікті дамытуды анықтайтын қолайлы факторлар – қазақстандық экономиканың тұрақты өсуі, тұрғындардың төлем қабілеті сұранысының және ішкі нарық сыйымдылығының өсуі, құнсызданудың төменгі қарқыны бөлігіндегі бар экономикалық конъюктураның болжамдық мерзімінде сақтауды көздейді. Шағын кәсіпкерлікті дамыту болжамының өлшемдері төмендегі кестеде көрсетілген.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2006		2007		2008		2009		2010	
Шағын кәсіпорындар саны, барлығы	бірлік	63		63		74		77		82	
Жеке кәсіпкерлер саны	бірлік	587		676		678		681		687	
Шаруа қожалықтарын ың саны	бірлік	380		381		386		387		405	
Оның ішінде салалар бойынша:		Ш	Ж	Ш	Ж	Ш	Ж	Ш	Ж	Ш	Ж
		К	К	К	К	К	К	К	К	К	К
Ауыл шаруашылығы	бірл./ад ам	33	13	39	13	41	13	45	14	50	15
			6		9		8		4		4
Сауда	бірл./ад ам	7	11	20	15	20	19	25	23	30	27
			3		5		2		0		6
Мейрамханалар мен қонақ үйлер	бірл./ад ам	1	39	1	49	-	23	1	30	3	37

Қызмет саласы (дербес, әлеуметтік және коммуналдық)	бірл./ад ам	2	3	3	3	-	6	2	8	4	12
Құрылыс	бірл./ад ам	-	13	-	22	-	30	-	35	2	42
Көлік және байланыс	бірл./ад ам	1	-	3	4	3	5	4	6	6	10
Өндеу және тау-кен өнеркәсібі	бірл./ад ам	2	5	2	-	2	10	2	10	5	12
Жалжымайтын мүлік операциялары	бірл./ад ам	-	-	1	-	-	-	-	2	2	5

Темір ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуын, жүргізілген сауал мен басқа да қол жететін ақпарат көздерінің нәтижелерін талдап, зерттеу жобасын жүргізу барысында мынадай қорытындылар жасалды:

1. Ақтөбе облысының Темір ауданы ауыл шаруашылығын дамыту үшін үлкен әлуетке ие; Ауыл шаруашылығының өнімдері (ет, сүт, нан, жұмыртқа және т.б.) ауданның тұрмыс-тірлігін қамтамасыз ету үшін де, ішкі және сыртқы (экспорттық) сауда үшін де тауар бола алатындығынан стратегиялық маңызды ресурс болып табылады.

2. Көтерме бөлшек сауда саласындағы жеке кәсіпкерлер санының оң ырғағы Темір ауданында осы бизнестің тартымдылығы мен пайдалылығы туралы куәландырады. Оны әртүрлі (жол бойы саудасы, ұсақ бөлшек, ұсақ-көтерме, көтерме және басқалары) бағыттарда, сол сияқты ілеспелі қызметтерді (тауар жеткізу, жарнама, анықтама-ақпараттық, консультациялық қызметтер, құрал-жабдықты монтаждау және жинау және басқа да халық тұтынатын тауарлар) одан әрі дамыту қажет. Ол үшін тиісті инфрақұрылым құру қажет.

3. Қажетті инфрақұрылым құру және тұрғындардың игілігін көтеру, олардың өмір сапасын жақсарту жылжымайтын мүліктің жаңа объектілерін құру үшін құрылыс саласын (базалар, дүкендер, тұрғын үйлер, қойма және басқа да сауда алаңдарын) дамытуды қажет етеді.

Болашақта кәсіпкерлікті дамытудың болжамдық үлгісінде ауыл шаруашылығымен, сандай-ақ аудан аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындардың көптігіне байланысты қызмет көрсету (қонақ үй, мейрамхана, кафе және т.б.) айналысатын жеке және заңды тұлғалар саны жылдан-жылға көбейеді. 2012 жылы жеке кәсіпкерлер саны 2007 жылмен салыстырғанда 12,8%-ға, ұксас мерзім ішінде шағын кәсіпорындар – 30,2%-ға артады деп болжам жасалуда.

Ауыл шаруашылығы, оның ішінде, мал шаруашылығы ауылдық жерлер тұрғындары үшін бұрыннан азық-түлік және өмір сүрудің негізгі көзі болды. Темір ауданының күрделі, кейде қатаң климаттық жағдайларына қарамастан мал шаруашылығы әрі қарай дами береді, бірақ, осы қызмет саласы кәсіпкерлеріне жергілікті атқарушы билік түрінде мемлекеттік қолдау қажет.

Әдебиеттер:

1. Кәсіпкерлікті дамыту перспективалары мен проблемалары (журнал), Ақтөбе-2008ж.
2. Р. К. Елшібаев «Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру» Алматы-1998ж.

РЫСҚАЛИ А.Б.

«СНПС-АҚТӨБЕМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ ІЛГЕРІ ҚАДАМДАРЫ МЕН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ТИГІЗІП ЖАТҚАН ҮЛЕСІ

«Адамзаттың ХХІ ғасырдағы дамуы көбіне- көп Қытай мемлекетімен тікелей байланысты болады», - деп, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» еңбегінде жазған болатын.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ еліміздегі мұнай өндіруші компаниялардың арасында, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы бірлесуімен жұмыс жасап, биік белестерден көрініп отырған компания. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ- бұрғылау, мұнай мен газды дайындау, сол сияқты мұнайды және мұнай өнімдерін өндіру жұмыстарымен айналысатын акционерлік қоғам.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-Ақтөбе облысының экономикасында жетекші орын алатын компания. Облыстың экономикалық көрсеткіштерінің жоғары және тұрақты болып калуы компанияның өндірістік- шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты. Аймақтық бюджетке де компания қаржы кұюшы табыс көзі болып табылады. 2008 жылы компания жергілікті және республикалық бюджеттерге 1 млрд. АҚШ долларынан астам салық төледі. 2009 жылы компанияның бюджеттік төлемдерге және басқа да салықтарға салған акшасы 150 млрд. Теңгеге жетті. Облыстағы ірі салық төлеуші есебінде «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның экономикалық жағдайы мен облыстың әлеуметтік саласының да өзара байланысты екені анық.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ жыл сайынғы Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауларында еліміздің экономикасын көтеру, азаматтардың әл- ауқатын, тұрмыс- тіршілігін жақсарту және басқа да міндеттерді белгілеп, нақты тапсырмалар беріледі. Сол міндеттер мен тапсырмаларды компания бұлжытпай орындап келеді. Нақты белгіленген бағдар мен қажырлы еңбектің арқасында компания экономикалық дағдарысқа қарамастан, өнім өндіруден алға шығып, өз мерейлерін үстем етті.

Биылғы жылдың басында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ активтерінің құны шамамен 497,753 млрд. Теңге құрады.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ жыл сайын облыс әкімдігімен әріптестік және өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қояды.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-дағы негізгі көрсеткіш өнім өндірумен байланысты болатындығы сөзсіз. Осы тұрғыдан карасақ, компанияда жыл сайын ілгерілеу байқалып, жаңа белестерден көрініп

жатқаны анық. Мысалы, компания 2009 жылы тұңғыш рет өнім өндіруден 6,05 млн. Тонна өнім өндірді. Сол жылы 688 млн. Доллар инвестиция игерілді. 2010 жылы мұнайшылар жаңа белеске көтеріліп, 6 млн. 280 мың тонна мұнай өндірді. Бұл жылдық жоспардан 100 мың тоннаға артық болды. Компанияны дамытуға инвестициялар көлемі 840 млн. АҚШ долларын құрады.

Өткен жылдың 23 наурызында барлау жүргізуге арналған келісім-шартқа ресми түрде қол қойылды. Енді келесі жылдың 6 маусымына дейін, осындай жұмыстарды ұйымдастыру екі жылға созылды. Осының барлығы Солтүстік Трува аумағы орналасқан өңірді одан әрі бағалау ыңғайлы жағдай туғызды. Осы өңірде сынамалық шараларды жүргуді ұйымдастыруға қалыпты жағдай жасалды.

Қазіргі таңда, компанияда мұнай мен газ өндіру саласындағы жұмыстар қатар жүруде. Қорды көбейту үшін, барлау жүргізу жөніндегі жұмыстарды одан әрі ұлғайтып кеңейте түсті.

Компанияда өндірісті ұйымдастыру, өндірістің бірқалыптылығын сақтап, жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету үшін қоректендіру-жарактандыру объектілері құрылыстары көптеп салынды. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ дағдарысқа қарамастан, тиімді жұмыс жасау арқылы, яғни адамдарды тұрақтылық пен ұжымдық бірлігін нығайта отырып, қиындықтарды артқа тастады. Өнім өндіру мен тасымалдау, өткізу мен сақтау арасындағы тепе-теңдік бұзылмай сақталды. Инвестициялар бақылауға алынып, өнімнің өзіндік құны төмендеді.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-да өткен жылы 1 жыл ішінде көп санды объектілер салып, пайдалануға берілді. «Үміт» кен орнындағы кешенді станция, 4-ші мұнай дайындау зауыты, газды кері айдау станциясы құрылыстарында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның филиалдары мен департаменттері абыроймен жұмыс атқарды. Жұмыс барысында басты назарда құрылыс қарқынының сақталуы сен сапа мәселесі ерекше мән берді. Объектілер 8 ай ішінде салынып, пайдалануға берілді. Компания осы арқылы да күрделі салыммен және жоғары сапамен қамтамасыз етуімен тиімді құрылысқа қол жеткізді. Салынған объектілердің бәрі де мұнай өндіру көлемін ұлғайту алауларды тоқтату және басқа да істерге өз пайдасын тигізді.

Өткен жыл «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ үшін өте маңызды жыл болды. 2010 жылы «Парыз» конкурсының қорытындылары бойынша «Үздік әлеуметтік жауапкершілік» номинациясында кәсіпорын гран-при жоғары наградасына лайықты болып танылды.

Компания өз жұмыстарымен қатар, әлеуметтік мәселелерді де уақыт талабына сай шешіп келеді. Яғни, компания өз қызметкерлері және олардың отбасыларын ғана емес, Ақтөбе облысының көптеген тұрғындарына көмек көрсетіп, қол ұшын беруден ешқашан да аянған емес.

1997-2010 жылдар аралығында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ қайырымдылық пен демеушілік мақсатта 8 млрд. Теңге бөлді.

Осыған орай жыл сайын «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ондаған миллиондарын өзінің кадрларын даярлауға жібереді, қоршаған ортаның қамын ойлап, олардың жүргізетін тілге қатысты саясаты мемлекеттік тілді нығайтуға ат салысады.

Компания табиғаттың ауыр жағдайы-құрғақшылықтан кейін қиын жағдайда қалған ауыл шаруашылығы өндірушілеріне демеушілік көрсетті. Табысы аз, тұрмыстық жағдайлары ауыр тұрғындарға, жетім балаларға, соғыс ардагерлері мен зейнеткерлерге, жалғыз басты қарияларға жәрдем көрсетілді. Ауылдық жердегі Жастар сарайы да компания қаржысына салынды.

Талантты жастарды оқыту компанияның өзіндік кадрлік программасы болды: қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы жоғарғы оқу орындарында 98 студент білім алуда. 2010 жылы біліктілігін көтеруден 905 басшы, мамандар мен қызметкерлер өтті. Жыл ішінде кадр даярлауға жалпы шығындар мөлшері 670 000 мың теңге құрады.

Ал 2003 жылдан бастап, компания Ақтөбе политехникалық колледжімен тығыз байланыста. Осы жылдар аралығында компанияның сегіз мыңнан астам қызметкерлері өз біліктіліктерін көтеріп, аттестациядан өтті.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ білімді кадрларды дайындау мақсатында Ақтөбе политехникалық колледжімен 2011-2013 жылдар аралығында келісім-шартқа отырды. Кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және студенттердің өндірістік және диплом алдындағы тәжірибені келесі «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану», «Мұнай және газ технологиясы және қайта өңдеу», «Өндірісті автоматизациялау және басқару» мамандықтары бойынша келісім рәсімделді.

Келісім-шартқа сәйкес, компания студенттердің тәжірибе өтетеін жеріне жету пойызбен, тәжірибелі жетекшілермен қамтамасыз етіледі. Өндірістің қажеттілігі бойынша, тәжірибе мерзімінде өзін көрсете білген студенттерді жұмысқа қабылданады.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ облыс кәсіпорындары мен жергілікті тұрғындарды арзан газбен қамтамасыз етуде. Аймақта энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету аясында, компания мұнайға ілеспе тауарлы газды жылына 1093.1 млн. Текше метр көлемде ең төмен бағамен береді.

«Жаназол-КС13» учаскесінің іске қосылуымен компанияның өнеркәсіп деңгейі артып қана қоймай, әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызды. Газ құбыры бойындағы Жем, Ембі қалаларына, Бірлік, Құмжарған, Юбилейный кентіне, басқа да ауылдарға көгілдір отын барды. Бұл бір жағынан компанияның газ саудасы бизнесінің қуатты құрамы, мұнай- газ өнеркәсібіне енгізілген жаңа қадамдардың жарқын мысалы болды.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-да 2011 жылы 6 млн.350 мың тонна мұнай өндіру жоспарлананып, осы кезде іске асырылуда. Ағымдағы жылы күрделі салым көлемі 600 млн. Доллар көлемінде болады деп күтілуде. Компания алдына қойған міндеттің бірі- 58 эксплуатациялық ұңғымаларды бұрғылау болып табылады. Үшінші газ өңдеу зауытының 2-ші, 3-ші кезегі газ дайындау көлемі жылына 5 млрд. текше метрді құрайды, жылына 800 мың тонна конденсат дайындалады болады деп күтілуде. Жалпы ұзындығы- 1685 километрге созылған Бейнеу- Бозой- Шымкент газ құбыры құрылысы нәтижесінде Ақтөбе облысында өндірілген газ Орта Азия газ құбырына тасымалданатын болады, ал бұл өз кезегінде Қазақстанның оңтүстік өңірін газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермекші.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның ең басты мақсаты- өндіріс көлемін арттыру, өнімнің өзіндік құнын төмендету, қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, экономикалық тиімділікке қол жеткізіп, биік белестерден көріну.

Осындай компаниялардың жылдық табысы көбейіп, көздеген мақсаттарына жетуі елдің әлеуметтік жағдайын жақсартып, экономикалық дамудың тұрақты жүйесін қалыптастыратындығына сенімім мол.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық- Жаңа экономикалық өрлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына 2010 жылғы Жолдауы
2. Сексембай Күлімбетов -«Ақтөбе мұнайы: кеше, бүгін және болашақта»- Ақтөбе-2005-170б
3. Машаев « Разработка нефтегазовых месторождений неоднородных коллекторов заводнением»-Актобе -2010 –стр 382
4. «Нефть и газ» №2 2010 г.стр-153
5. «Актюбинский вестник» - 6 апреля 2010г
6. «Ақтөбе газеті» - 5 тамыз 2010ж
7. «Ақтөбе газеті» - 14 сәуір 2010ж
8. «Ақтөбе газеті» - 27 қазан 2011ж
- 9.«Актюбинский вестник» - 24ноября,2011г

КУКАНОВА А.Ж.

ФИНАНСОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Достижение амбициозной цели по превращению Казахстана в одно из динамично развивающихся государств мира с высокими стандартами жизни невозможно без активизации человеческого потенциала, создания мощного слоя предпринимателей. Необходимые условия для этого формировались в течение 20-летнего периода реформ, направленных на либерализацию экономики. Основные положения концептуально-программной работы Президента Н.А. Назарбаева «Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства» (1992 г.) были закреплены и развиты в таких основополагающих документах, как Стратегия «Казахстан-2030», «Стратегический план-2010» и Стратегия индустриально-инновационного развития Казахстана до 2015 года, Посланиях Президента народу Казахстана.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новое десятилетие – Новый экономический подъем – Новые возможности Казахстана» предпринимательство названо движущей силой новой экономики. «Мы хотим видеть мощный предпринимательский класс, готовый брать на себя риски, осваивать новые рынки, внедрять инновации. Именно предприниматели, являются

движущей силой модернизации экономики.» - сказано в Послании. В этой связи Правительству поручено с 2010 года обеспечить введение единой бюджетной программы по развитию предпринимательства в регионах и предложено назвать ее «Дорожная карта бизнеса – 2020». Целью этой программы станет создание постоянных рабочих мест за счет развития нового слоя предпринимательства в регионах, прежде всего, малого и среднего бизнеса. Использование средств этой программы должно осуществляться по следующим направлениям: субсидирование процентной ставки по кредитам; частичное гарантирование кредитов малому и среднему бизнесу; сервисная поддержка ведения бизнеса; переподготовка кадров и повышение квалификации, молодежная практика и социальные рабочие места.

По данным Национального статистического агентства в республике 985,496 предприятий среднего и малого бизнеса. Среди них 87% совсем небольших – это те, у кого до десяти работников. Сегодня 85% объема промышленной продукции по Казахстану производится частным сектором. Доля малого и среднего бизнеса в ВВП (валовый внутренний продукт) страны составляет пока порядка 25%, в частном секторе экономики трудится свыше 60% занятого населения. На сегодняшний день в Казахстане числится 677 тыс. активных предпринимателей и предприятий МСБ (Малого и среднего бизнеса). В 2010 году казахстанский МСБ произвел почти в три с лишним раза больше продукции, чем в 2006 году, его объем приблизился к 7 триллионам тенге.

В Актюбинской области реализация политики по поддержке и развитию малого предпринимательства осуществляется в соответствии с мероприятиями акимата области, выполнением программы Акима Актюбинской области по созданию условий для подъема экономики и повышения уровня жизни населения, а также путем разработки и реализации кратко- и среднесрочных областных целевых программ государственной поддержки предпринимательства.

В целях первоначальной поддержки развития малого предпринимательства на селе в 2003 году во всех 12 районах области были созданы бизнес-инкубаторы, которые стали центром информационного обеспечения субъектов малого и среднего бизнеса. На развитие материально-технической базы районных бизнес-инкубаторов в 2003-2005 г.г. из областного бюджета было выделено 24,0 млн. тенге, из них 9,9 млн. тг. В 2003 году, 11,1 млн. тг. В 2004 году и 3,0 млн. тг. В 2005 г. В 2005 году для дальнейшего стимулирования действующих ОФ «Бизнес-инкубатор», было принято Постановление акимата области о проведении конкурса «Лучшие проекты по развитию бизнес-инкубаторов области» и выделено из бюджета 3,0 млн. тенге. В соответствии со ст. 19 Закона «О частном предпринимательстве» в 2006-2007г.г. в области были созданы 6 центров поддержки предпринимательства. Созданные центры поддержки предпринимательства на базе районных бизнес-инкубаторов, действуют как структурные подразделения бизнес-

инкубаторов. Районные бизнес-инкубаторы укомплектованы компьютерной техникой, мебелью, оборудованием, методическими пособиями. В каждом бизнес-инкубаторе установлена электронная база «Юрист» с абонентским обслуживанием.

На сегодня активно действует около 50-ти общественных бизнес-формирований, из них 18 фондов, в том числе 12 бизнес-инкубаторов, 6 центров по поддержке предпринимательской деятельности, 31 отраслевых союзов, ассоциаций и объединений юридических лиц. В регионе действуют 14 Экспертных Советов предпринимателей при областном акимате, в состав которых входят представители государственных органов, бизнес – формирований и аккредитованные общественные объединения предпринимателей. При поддержке бизнес-инкубаторов в районах области созданы и действуют 2 мини-пекарни, 10 парикмахерских, 7 швейных цехов, 3 мебельных цеха, 1 столярный цех, 1 аптека, 1 цех по производству юрт, 3 мастерских по ремонту обуви, 6 фотостудий, 3 курса по обучению ПК. Количество созданных рабочих мест составило 112. Центрами поддержки предпринимательства оказана помощь в подготовке 38 бизнес-планов, оказано 937 информационно-консалтинговых услуг.

Одним из новых направлений работы по поддержке развития малого предпринимательства является развитие сети *микрокредитных организаций*. С начала года ведется тесная работа с филиалами АО «Фонд развития малого предпринимательства» и «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства» по микрокредитованию населения и созданию микрокредитных организаций. На сегодняшний день институты микрофинансирования в Актюбинской области находятся в стадии становления, экспериментирования и накопления опыта для разработки оптимальных моделей микрокредитования с целью поддержки предпринимательской деятельности и обеспечения занятости населения. Основными проблемами микрокредитных организаций является недостаточный объем ссудных портфелей и отсутствие ликвидного залогового имущества для получения кредитных ресурсов через финансовые институты.

Значительное влияние на развитие сельского предпринимательства оказывает деятельность сельских кредитных товариществ, деятельность которых направлена на решение вопросов кредитования сельского хозяйства и оказания банковских услуг участникам кредитного товарищества. Основные требования к участникам товарищества: платежеспособность сельхозтоваропроизводителя, безубыточная работа в течение 3-х лет, наличие не менее 20 участников кредитного товарищества, минимальный взнос участника в уставной капитал не менее 100 МРП, минимальный размер уставного капитала СКТ 10 млн. тенге, а при создании с участием АО «Аграрная кредитная корпорация (АКК)» - 3,0 млн. тенге. Кредиты под оборотные средства выдаются сроком на 1 год, на приобретение скота, техники и других активов от 3-х до 5-ти лет под 9% годовых. В качестве залогового обеспечения

принимаются имеющиеся у сельхозтоваропроизводителей техника, оборудования, строения, скот. При рентабельности 20 и более процентов СКТ переводится в 1 группу, что позволяет увеличить срок пользования кредитом до 7 лет.

По данным проведенного обследования в 4 квартале 2009 года микрокредитной деятельностью занимались 53 организации – 40 микрокредитных организаций и 13 кредитных товариществ. По отчетным данным в 1 квартале 2011 года кредитными организациями области было выдано кредитов на сумму 47,1 млн. тенге. Из общего объема выданных кредитов 75,8% (35,7 млн. тенге) составляют краткосрочные кредиты и 24,2% (11,4 млн. тенге) – долгосрочные.

Доля товаров, работ и услуг субъектов МСБ в объеме государственных закупок составила в 2009 г. 42,4 млрд. тг. Или 62,6%. Из всех источников в области за 2009 год оказана финансово-кредитная поддержка малому и среднему бизнесу на 77,2 млрд. тг., из них 57,8 млрд. тг. Банками второго уровня. Выделенные средства в рамках государственной стабилизационной программы на поддержку субъектов малого и среднего предпринимательства в 2009 г. Освоены полностью (9,5 млрд. тенге). За 2009 год общее количество субъектов предпринимательства увеличилось на 4,5 % и составило 43630 единиц, в том числе количество предприятий в форме юридических лиц выросло на 6,4 %. На 1000 жителей области в настоящее время приходится 12 предприятий малого и среднего бизнеса.

На начало 2007 года в малом предпринимательстве было зарегистрировано 34,6 тыс. хозяйствующих субъектов, с численностью работающих – 130,9 тыс. человек, что составляют 37% от числа занятых в экономике. В 2009г. Численность граждан, занятых в малом и среднем бизнесе, достигла 158,0 тыс. человек и составила 40,0% к общему числу населения, занятых в экономике региона, при этом темп прироста числа предпринимателей в данном секторе по сравнению с 2008 годом составил 3,2%. Объем произведенной продукции, выполненных работ и оказанных ими услуг достиг 151,8 млрд. тенге, что на 5,1 % выше уровня 2008 года. Платежи в бюджет от субъектов малого и среднего бизнеса составляют 57,4 млрд. тенге или 97,3 % к соответствующему периоду 2008 года. Развитие малого и среднего бизнеса Актыбинской области за 2005-2009гг. представлено на рисунке 1.



Рисунок 1. Развитие малого и среднего бизнеса Актюбинской области за 2005-2009гг.

В 2010 году в рамках программы «Дорожная карта бизнеса 2020» оказана большая поддержка предпринимателям. По этой программе в 2011 году области выделено около 2 млрд. 300 млн. тенге, это в 4 раза больше прошлогодних средств. Эффективно используя эту возможность, управление предпринимательства и промышленности совместно с фондом «Даму» и банками второго уровня должно оживить работу.

Сейчас население города обеспечено собственной продукцией на 80 процентов. В 2010 году денежный доход населения возрос на 118%, средняя заработная плата в декабре выросла по сравнению с декабрем 2009 года на 20%, достигнув более 90 тысяч тенге. Планируется увеличить производительность агропромышленного сектора к 2014 году в два раза, а в 2020 году в четыре раза.

Количество активных субъектов МСБ на 1 июля 2011 года в Актюбинской области составило 27719, по Казахстану – 677956; численность занятых в МСБ по Актюбинской области составила 107112 человек, по Казахстану – 2 465 521 человек; выпуск продукции субъектами МСБ по Актюбинской области составил 124 264 млн. тенге, по Казахстану – 3 243 619 млн. тенге.

В январе-июне 2011 года, по сравнению с январем-июнем предыдущего года, выпуск продукции (в сопоставимых ценах) вырос на 4,1%, количество активных субъектов – на 29,7%, численность занятых – на 9,5%. В общем количестве субъектов МСП доля индивидуальных предпринимателей составила – 69,8%, крестьянских (фермерских) хозяйств – 15,4%, юридических лиц малого предпринимательства – 13,2%, юридических лиц среднего предпринимательства – 1,6%.

Предпринятая государством политика регулирования малого и среднего бизнеса привела к увеличению субъектов МСБ и росту объема выпущенной продукции субъектами МСБ.

Так, количество занятых в МСБ человек увеличивалось с 104,9 тыс. человек в 2005 году до 118,1 тыс. человек в 2006 г., до 135,1 тыс. человек в 2007г., 153,2 тыс. человек в 2008г., 158 тыс. человек в 2009 году, а на 1 июля 2011 г. Составила 107,112 тыс. человек.

Объем выпущенной МСБ продукции составлял 44,7 млрд. тенге в 2005г., 61,3 млрд. тенге в 2006г., 116,2 млрд. тенге в 2007г., 144,5 млрд. тенге в 2008г., в 2009г. Вырос до 151,8 млрд. тенге, а на 1 июля 2011 г. Составил 124,264 млрд. тенге, что составляет около 82% объема 2009 года.

Литература:

1. Отчет Акима Актюбинской области Сагиндыкова Е. за 2009 год.
2. Отчет Акима Актюбинской области Сагиндыкова Е. за 2010 год.
3. Мониторинг малого и среднего предпринимательства на 1 июля 2011 года. Департамент статистики Актюбинской области.
http://aktobe.stat.kz/ru/news/page_708/
4. Финансирование и кредитование субъектов малого бизнеса. Астана. КазИнформ. 2008.
5. <http://business-kazakhstan.com/ru/predprinimatelstvo.htm> –Развитие предпринимательства Казахстана.
6. www.mit.kz – Инфраструктура поддержки предпринимательства. Методическое пособие. Министерство индустрии и торговли РК. 2005.

КӨШЕТОВА Д.Х.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ.

Алдыңғы жылдардың бюджеттері келер жылдардың бюджеттерін қалыптастыруға және атқаруға едәуір ықпал етеді. Ұзақ мерзімді кезеңде оларды атқару тиімділігін барынша ұлғайту үшін бірнеше жылға есептелген тиісті іс-қимыл бағдарламасының болуы қажет. Мұндай бағдарламаның негізгі өлшемдерін мемлекеттік билік органдарының бюджет саясаты айқындайды. Экономикалық саясаттың бір бөлігі бола отырып, фискалдық саясат бюджет қаражатын қалыптастырумен және жұмсаумен байланысты құралдарды пайдаланады. Бюджеттік тетіктерді тарту туралы сөз қозғалғанда, кірістер мен шығыстар бойынша жеке-жеке емес, тұтастай жоспарланып отырған нәтижеге ықпал етуге қабілетті барлық ықтимал факторларды барынша ескеру қажет. Сондықтан экономикалық міндеттерді мемлекеттік деңгейде шешу үшін мемлекеттік бюджеттендіру элементтерін, оларға фискалдық саясат деп аталатын бірыңғай тұжырымдама шеңберінде сүйене отырып пайдалану қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясаты (бұдан әрі – Орта мерзімді фискалдық саясат) Мемлекет басшысының «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты 2004 жылғы 19 наурыздағы және «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының жобасы (бұдан әрі - Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарының жобасы), Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің және үш

жылдық кезеңге арналған мемлекеттік реттеуіштердің болжамы, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар мен басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттар негізінде әзірленді.

Орта мерзімді фискалдық саясат әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарын іске асырудың негізгі тетіктерін (тәсілдерін) – кірістер мен шығындар саясатын, бюджеттік кредит беруді, қаржы активтерін басқаруды, бюджетаралық қатынастарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқаруды қамтиды.

Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу мынадай мақсаттарға қол жеткізуге:

алдағы үш жылдық кезеңге арналған қолда бар ресурстар көлемін айқындауға;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің фискалдық стратегиясын және оның ағымдағы және келешектегі мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі жоспарларын белгілеуге;

стратегиялық басымдықтарды іске асыруға арналған шектеулі бюджет ресурстарын бөлу жөніндегі шешімдерді қабылдауға ден қоюға;

келешекте бюджеттің шектеулері мен мүмкіндіктерін барынша жақсы түсінуді қамтамасыз етуге;

бюджет процесінің тиімділігі мен ашықтығын жоғарылатуға;

бюджет процесінің дәйектілігін қамтамасыз етуге және фискалдық тәртіпті жоғарылатуға бағытталған.

Бұл құжатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің фискалдық саясатының негізгі мақсаттары, міндеттері мен бағыттары айқындалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясаты республикалық бюджет жобасын қалыптастыру процесінің негізі әрі бастауы және мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде салық және бюджет саясатын іске асыру кезіндегі үйлестіруші құжат болып табылады.

Қазақстандық экономиканың қазіргі жай-күйі барынша қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктурамен сипатталады, бұл экспортты, сондай-ақ аралық тұтыну тауарлары мен қызметтерін дамытуға оң ықпал етеді.

Бүгінде тазартылған мыстың, металл мырыштікі, алтынның бір унциясы, мұнайдың баррелі бірнеше есе ұлғайды.

Қазақстандық экспорттың аса маңызды баптарына әлемдік бағаның биік деңгейі экспорттық пайданың өсуіне негіз болды.

Экспортты дамытудың аталған қарқыны негізінен сыртқы экономикалық фактор есебінен қазақстандық экономиканың экономикалық әлеуетінің ұлғаю үрдісін сипаттайды. Сайып келгенде, бұл шағын экономика үшін дамудың дұрыс бағыты, алайда Қазақстандағы экспорт өсімі негізінен, шикізатты және оның бастапқы өңдеу өнімдерін жеткізу есебінен қамтамасыз етіледі.

Соңғы жылдары экспорттың өсуі жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) серпініне айтарлықтай әсер ете бастады. ЖІӨ көлемінің ұлғаюына баға факторының басып озу әсері 20039 – 2011 жылдардағы экономика дамуының ерекшелігі болып табылады. 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда ЖІӨ-нің 18,7 %-ға, оның ішінде өндірістің табиғи көлемінің 8 %-ға өсуі, өндірілген тауарлар мен қызметтерге бағаның 10 %-ға ұлғаюы есебінен номиналды ұлғаюы жоспарланып отыр.

Елдегі макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің фискалдық саясаты мұнай мен металлдардың әлемдік бағаларының жоғары болуынан алынған кірістерді ішкі айналымнан шығару жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған.

Шикізат экспортынан түсетін үстеме кірістердің барлығы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына (бұдан әрі – Ұлттық қор) шоғырландырылады, бұл ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдауға, инфляция өсуінің жоспарланған өлшемдеріне қол жеткізуге, «голланд ауыруы» туындауының, яғни, өндірістік құрылымның шикізаттық салалардың пайдасына «тоқырауының» алдын алуға ықпал етеді.

Мысалы, энергия жеткізгіштердің әлемдік бағасының айтарлықтай өсуі салдарынан елге шетелдік валютаның ағылуы кірістердің бір бөлігін Ұлттық қорға аудару есебінен ішінара тазартылды.

Көптеген факторлар ескерілетін экономикалық өсу факторларын – капиталды, еңбек ресурстарын және жалпы факторлық өнімділікті талдау 2008 – 2010 жылдары экономикалық өсу негізінен, капиталдың өсуі есебінен және аз деңгейде жалпы факторлық өнімділіктің (бұдан әрі – ЖФӨ) өсуі есебінен қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

2006 – 2010 жылдары экономикалық өсуге капитал факторының үлесі орта есеппен 6 %-ды, еңбек факторының үлесі – 1,2 %-ды құрады. Жалпы факторлық өнімділіктің өсу үлесі 3,2 % құрады. Қарастырылып отырған кезеңде экономикалық өсудің негізгі факторы негізгі капиталды ұлғайту болып табылды.

Экономикадағы негізгі қорлардың айтарлықтай тозуын ескерсек, осы даму кезеңінде бұл ақталған болып табылады. Уақыт өте келе дамыған елдер экономикасының өсуіне негізгі үлес қосатын жалпы факторлық өнімділіктің артуы негізгі өсу факторына айналуға тиіс.

Жалпы еңбек өнімділігі факторы экономикадағы еңбек өнімділігінің өсуін ғана емес, жүргізіліп жатқан құрылымдық реформаларды, адами капитал мен технологияларды пайдалану тиімділігін де көрсететінін айта кету қажет.

Негізгі капиталдың жинақталуы ұзақ мерзімді перспективада экономика өсуінің басты факторы бола алмайтынын ескерсек, жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігі, еңбек өнімділігінің, инновациялардың және адами капиталдың өсуі қазақстандық экономиканы дамытудың басты факторлары болуы тиіс.

Халықаралық капитал рыноктарында жоғары ішкі сұраныс пен қарыз ресурстарының салыстырмалы төмен құны байқалуда. Бұл Қазақстанға шетелдік инвестициялардың едәуір көлемін тарту үшін басты ынталандыру болды. Бұл ретте, Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерінің жоғары бағасы қазақстандық қарыз алушылар үшін шетелдік капитал құнының төмендеуіне ықпал етті. Аса ірі халықаралық рейтингтік агенттіктер тұтастай республикаға да, қазақстандық жетекші банктерге де инвестициялық санатқа жататын рейтингтерді берді.

Экспорттық кірістердің күрт өсуі және қарыз капиталының ағылуы сияқты ішкі валюта рыногына жасалған қысымның салдары теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамының номиналды қымбаттауы болды – биржалық айырбас бағамы номиналды мәнде жыл

басынан бері 9,3 %-ға нығайып, 2011 жылдың соңында бір доллар үшін 148 теңгені құрады.

Ішкі рынокта валюта сатып алу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) халықаралық резервтері өсімінің негізгі көзі болды, бұл жыл бойы екі есе дерлік көбейді және 2011 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 9,3 млрд. АҚШ долл. бағаланды. Халықаралық резервтердің бұл қоры тауарлар мен қызметтер импортын қаржыландырудың қажеттілігін 4,5 айдан астам қамтамасыз етеді.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының соңғы үш жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау экономиканың тұрақты жоғары даму қарқыны сақталған кезде орта мерзімді кезеңде сыртқы және ішкі рыноктарда экономиканың шикізат емес секторларының бәсекеге қабілеттілігіне едәуір әсер етуі мүмкін жаңа үрдістер нақты көрініс бере бастады.

Бұл үрдістер экономикаға шетелдік капитал ағымының жоғары қарқыны салдарынан болып жатыр, бұл Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің инфляцияға қарсы саясат жүргізу саласындағы жұмысын едәуір қиындатады, сондай-ақ теңгенің айырбас бағамының валюталар себетіне қатысты, әсіресе АҚШ долларына қатысты нақты нығаюының жоғары қарқынына алып келеді.

Қазақстандық экономиканың шикізат емес салаларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 – 2015 жылдарға арналған стратегиясын (бұдан әрі - Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы) іске асыру қарқынын едәуір бәсеңдетуі, сондай-ақ шикізат салаларының пайдасына қарай экономика құрылымына келеңсіз әсер етуі мүмкін. Мұның нәтижесінде Қазақстан экономикасы «голланд ауыруы» синдромына шалдығуы мүмкін, онымен күресу көп күш-жігер пен уақытты алады.

Макроэкономикалық тұрақсыздыққа жол бермеу және Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөнінде жүйелі шараларды жалғастыру үшін Орта мерзімді фискалдық саясат әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспары жобасының басты міндеттерін іске асыруға:

2012 – 2014 жылдары орташа жылдық инфляцияның 7 %-дан жоғары өсуіне жол бермеуге;

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөнінде жүйелі шаралар жүргізуге;

телекоммуникациялар, энергетика және темір жол көлігі саласында монополиялық құрылымдарды қайта құрылымдауға;

экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі қарқынды факторлардың үлесін арттыруға бағытталатын болады.

Бұл міндеттерді шешу Мемлекет башысының «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» және «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауларын іске асыруға ықпал етуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. XIX ғасырдағы Ұлттық экономиканың даму проблемалары мен тенденциялары. Республикалық ғылыми конференция. Ақтөбе. 2002.
2. «Қ.Р. Индустриалды – инновациялық дамуының 2003-2015 ж. арналған стратегиясы»: Астана-2003
3. Жалпы экономикалық теория. Шеденов Ө.Қ. , Сағындықов Е.Н.
4. Ақтөбе – 2011 ж. «А - Полиграфия»

БІЗДІҢ АВТОРЛАР – НАШИ АВТОРЫ

Рысқали А. Б.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 2 – курс магистранты
Алдашева Г.Б.	Преподаватель ЗКГМУ им. М. Оспанова
Барлыбаева З.Ж.	Преподаватель ЗКГМУ им. М. Оспанова
Хасанова А.А.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 2 – курс магистранты
Алманов Ж.Т.	Ст. преподаватель кафедры «Гуманитарно-технических дисциплин» университета им. С. Баишева, кандидат сельскохозяйственных наук.
Базильжанов Е. К.	Директор ГУ «Республиканский научно-методический центр агрохимической службы по актюбинской области»
Кошен Б. М.	Зам. Директора ГУ «РНМЦАС»
Ермекбаев Т. Н.	Представитель ГУ «РНМЦАС»
Запорожец А.Н.	Магистрант 2 курса Актюбинского университета им. С. Баишева
Келбетова Ж.С.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 1 – курс магистранты
Молдабекова А.К.	Преподаватель Актюбинского университета им. С. Баишева, магистр
Пиримжаров М.Х.	Преподаватель Актюбинского университета им. С. Баишева, Ph D.
Зойиров К.А.	Джизакский педагогический институт, доцент
Исакулов Б.Р.	к.т.н., доцент, Актюбинский университет им. С. Баишева
Абильдаева К.М.	к.п.н., доцент; Актюбинский университет им.С.Баишева
Куканова А.Ж.	Магистрант 1 курса Актюбинского университета им. С. Баишева
Егизбаева Л.Е.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе

	университетінің 2 – курс магистранты
Каналина Ж.К.	Ақтөбе экономика және статистика колледжінің оқытушысы
Бердіғалиева Г.Н.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 1 – курс магистранты
Көшетова Д.Х.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 1 – курс магистранты
Конысбаева Ж.О.	PhD, ст. преподаватель кафедры «Дизайн» Актюбинского университета им. С.Баишева
Жанпеисова Н.М.	д.филол.н., профессор Актюбинского университета им.С.Баишева
Исакова С.С.	филол.ғ.д., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры
Ұлықпанова Ә.Ж.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 1 – курс магистранты
Обаева.Г.С.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 1 – курс магистранты
Жанузакова Ж.А.	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің 2 – курс магистранты

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы (ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы 2004 жылдың 29-қаңтарындағы № 4645-Ж куәлігі берілген) қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдеріндегі ғылыми мақалаларды қабылдайды

Рәсімделу талаптары:

1. Мақала 14 кегльдегі Times New Roman әрпімен арасына бір интервал қалдыра отырып, электронды түрде көлемі 15 бетке дейін: шет сызықтары: сол жағынан – 30 мм., қалғандары – 20 мм.; пайдаланылған әдебиеттерге тік жақша [1] арқылы сілтеме жасалынып, дереккөздер тізімі ретіне қарай мақала соңында «Әдебиеттер» деген атаумен берілуі қажет.
2. Мақаланың қысқаша түйіні қазақ (орыс) және ағылшын тілінде;
3. Автордың суреті (электрондық түрінде);
4. Кафедра отырысының хаттамасынан көшірме (С.Бәйішев ат. Ақтөбе университетінің оқытушыларына)
5. Маманның 1 пікірі немесе мақаланы жариялау жөніндегі сараптама қорытынды (қалғандары үшін)
6. Автор туралы мәлімет: аты-жөні, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі мен атағы; мекен-жай, телефоны, e-mail.

Материалдар төмендегі мекен-жайда қабылданады:

030000, Ақтөбе қаласы
Ағ.Жұбановтар көшесі, 302 а
тел.: 8(7132) 97-47-01, факс 8(7132) 52-36-00
e-mail: edu.ausb@mail.ru

Научный журнал «Вестник Актюбинского университета им. С.Баишева» (свидетельство о постановке на учет средства массовой информации № 4645-Ж от 29.01.2004 г.) принимает научные статьи на казахском, русском, английском и китайском языках.

Необходимо представить:

1. Текст статьи в электронном варианте объемом не более 15 стр., напечатанный через один интервал, шрифт Times New Roman, кегль 14; поля страниц: слева – 30 мм., остальные – 20 мм. Ссылки на использованные источники следует приводить в квадратных скобках [1]. Сами источники – в конце статьи под заголовком «Литература».
2. Резюме (на каз., рус., англ. языках в зависимости от языка статьи).
3. Фото (в электронном варианте).
4. Выписку из протокола заседания кафедры (для преподавателей Актюбинского университета им. С.Баишева)
5. 1 рецензию специалиста или экспертное заключение о возможности опубликования (для остальных)
6. Сведения об авторе: Ф.И.О., место работы, ученая степень, звание (при наличии); домашний адрес, телефон, e-mail.

Материалы для публикации принимаются по адресу:

030000, г.Актобе
ул. Бр.Жубановых, 302 а
тел.: 8(7132) 97-47-01, факс 8(7132) 52-36-00
e-mail: edu.ausb@mail.ru

**С.БӘЙШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ
С.БАИШЕВА**

*Қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде үш айда бір рет
шығарылады
Выпускается один раз в три месяца на казахском, русском, английском и
китайском языках*

Формат А4
Заказ № 224

Көлемі 12,5 баспа табак
Таралымы 100 дана

Объем 12,5 печ.л.
Тираж 100 экз.

Басуға қол қойылды: 28.08.2010 ж.

Редакцияның мекен-жайы: 030000, Ақтөбе қаласы, ағайынды
Жұбановтар көшесі, 302А
Адрес редакции: 030000, г. Актобе; ул. Братьев Жубановых, 302А
тел. 97-47-01, 52-36-00

С.БӘЙШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІ

**® ЖУРНАЛ НАБРАН И СВЕРСТАН В МЕТОДИЧЕСКОМ ЦЕНТРЕ
АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С.БАИШЕВА**

**Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын
білдірмейді.**

**Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.
Қолжазбалар өңделмейді және авторға қайтарылмайды.**



**Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения
редакции.**

**Авторы несут ответственность за выбор и представление фактов.
Рукописи не редактируются и не возвращаются.**